



# SEMEITANY

№ 16 (19768) 27 ақпан, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

**15** НАУРЫЗ МАРТА  
**РЕФЕРЕНДУМ**

Важен голос каждого из нас!

www.election.gov.kz

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEITANY.KZ

## СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН: "АБАЙҒА ҚҰРМЕТ" РӘМІЗДЕР АЛАҢЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Быттыр облысымызда Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен «Абайға құрмет» акциясы басталған болатын. Кеше Семейдегі Бейбітшілік аралында Солтүстік Қазақстан облысының тартуы ретінде салынатын Рәміздер алаңының іргетасын қалау рәсімі өтті. Іс-шараға облыс әкімі Берік Уәли, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Нұрлан Кеңесов қатысты.



Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei tanu»

Рәміздер алаңы елдік құндылықтарды ұлықтап, ұлттық рухты асқақтататын, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейтін киелі орындардың бірі болмақ. Нысан дөңгелек пішінде жобаланған, диаметрі – 28 метр. Жалпы биіктігі – 35 метр. Рәміздер алаңы заманауи талаптарға сай салынып, айналасы абаттандырылады. Ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойына орай мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауымен Республикалық «Абайға құрмет» акциясы өткен жылы бастау алған болатын. Міне, бүгін Солтүстік Қазақстан облысы Рәміздер алаңының іргетасын қалап, алғашқы жұмыстарды бастағалы отыр. Осы айтулы күні Абай өңірінің тұрғындарына құтты болсын айтқым келеді.

Солтүстік Қазақстан мен Абай облысы солтүстік пен шығыс шекарада жатқан шалғай аймақтар болса да ниеті ортақ, тілеуі бір екенін тағы бір мәрте көрсетіп отыр. Солтүстік Қазақстан халқына, Мемлекет басшысының бастамасын қолдап, Семей қаласында Рәміздер алаңын салып бергелі отырған облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетовке өңір жұртшылығы атынан алғыс айтамыз. Ежелгі Түйеойнақ, қазіргі Бейбітшілік аралы - тарихқа бай, тағдырдың тезін көп көрген киелі орындардың бірі. Бұл аралда қырық жыл бойы даламызда уын шашқан атомдық сынақтардың тоқтатылуына орай биіктігі 20 метрлік «Өлімнен де күшті» монументі тұрғызылса, ядролық полигонның жабылғанына 20 жыл толуына орай биіктігі 25 метр болатын Бейбітшілік стеласы тұрғызылды. Енді, міне, Абай облысы қайтадан шаңырақ көтерген тұста биіктігі 35 метр болатын Рәміздер ала-

ңы бой көтермек. Еліміздің тәуелсіздігінің 35 жылдығымен де тұспа-тұс келіп отыр. Мұндай Рәміздер алаңы тарихымызда бірінші рет салынғалы жатыр,- деді аймақ басшысы Берік Уәли құттықтау сөзінде.

Аймақ басшысы сондай-ақ Бейбітшілік аралында Президенттің арнайы тапсырмасымен қала тұрғындарының серуендеуіне арналған көлемі 56 гектар болатын Экологиялық саябақ салынатынын да айтты.

Іс-шара барысында сөз алған Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Нұрлан Кеңесов Абай еліне деген ізгі лебізін жеткізді. - Құрметті семейліктер, қадірлі ағайын, құрметті Берік Уәлиұлы, біз Солтүстік Қазақстан облысынан арнайы келіп, Ертіс жағысындағы еңселі Семейде елдің рухын асқақтататын тарихи сәттің бастауына куә болып отырмыз. Мемлекеттік Рәміздер алаңы және стела құрылысының қауіпсіздігін сақтау бұл жай ғана құрылыс емес. Бұл - жүректегі Отанға деген сүйіспеншіліктің нақты көрінісі. Бұл жоба - Солтүстік Қазақстан облысының ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай Абай еліне жасаған тартуы. Бұл - ағайынның ақ ниеті, елге деген құрметі. Семей - Абайдың ізі қалған, оны кемелденген қасиетті мекен. Бүгінгі Абай облысы - ұлы ақынның аманатын арқалаған, оның мұрасын ұлықтаған киелі өңір. «Бірінді, қазақ, бірін де көрмесен, істің бәрі бос»,- деп ұлы ойшылдың өзі айтқандай, бүгінгі ігі іс - бірліктің, өзара қолдаудың айқын көрінісі. Көк туымыз көкте қалықтай берсін,- деді Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Нұрлан Маратұлы.

Аталған акцияға ірі инвесторлар да қолдау көрсетуде. «KAZ Minerals» компаниялар тобы Семейдегі жаңа шағын ауданда 25 мың көрерменге арналған жаңа стадион құрылысын бастады. «Қазақстан халқына» қоры инклюзивті спорт кешенін салып беруді жоспарлап отыр.

## ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен әкімдік отырысы өтті. Жиында облыстың 2026 жылғы қаңтар айындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және өңірлік жұмыспен қамту картасын іске асыру мәселелері қаралды. Отырысқа облыстық басқарма басшылары, өңірлік департамент жетекшілері қатысты. Қала және аудан әкімдері бейнережимде қосыл-

## 13 МЫҢНАН АСТАМ ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ ҚҰРЫЛАДЫ



Құн тәртібіндегі мәселелер бойынша экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары Ақбота Тұғышханқызы және жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы басшысының орынбасары Марат Аленов баяндады.

Биылғы жылдың қаңтар айында қысқа мерзімді экономикалық индикатор 107,5 пайызға жетіп, облыс республика бойынша алғашқы алтылыққа енді. Өсім инвестицияда 137,4 пайыз, келік саласында 136 пайыз, өңдеу өнеркәсібінде 127,1 пайыз, өнеркәсіпте 106,5 пайыз, ауыл шаруашылығында 104,6 пайыз, ішкі саудада 104,2 пайыз, байланыста 103,6 пайыз болып қалыптасты. Қаңтар айында облысқа 16,3 млрд теңге инвестиция тартылды (былтыр 11,1 млрд теңге болған). Өңірлер бөлінісінде облыс алғашқы үштікте тұр. Өңдеу өнеркәсібі бойынша көрсеткіш 49,4 млрд теңгені құрап, аймағымыз өңірлер бөлінісінде 1 орынды иеленді.

Аймақ басшысы бұл үрдісті жалғастыру үшін жүйелі жұмыс пен қатаң бақылау қажет екенін атап өтті.

Өткен жылы облыстың бірқатар экономикалық көрсеткіштері бойынша оң өсім қамтамасыз етілді. Бұл оң үрдісті осы жылы жалғастыру үшін ұйымдасқан жұмыс және қатаң қадағалау шаралары күнделікті атқарылуы қажет. Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент тарапынан өңірлерге экономиканы өртартапандыру, сапалы инвестиция тарту, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы жаңа жұмыс орындарын құру, инфрақұрылымды жаңғырту, цифрландыруды жеделдету, әлеуметтік қолдаудың тиімділігін арттыру және бюджет қаражатын тиімді пайдалану туралы тапсырмалар берілді. Осы міндеттерді орындау - баршамыздың басты мақсатымыз, - деді облыс әкімі.

Өңірлік жұмыспен қамту картасын іске асыру бойынша былтыр облыста 27 мыңнан астам адам жұмысқа орналастырылып, жылдық жоспар артығымен орындалған. Мемлекет басшысының «Әрбір 10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орнын» құру тапсырмасы аясында жаңадан ашылған кәсіпорындарға 10360 адам жұмысқа орналасты. Халықты қолдау шаралары да нәтижесін берді. Бизнес-идеяларды іске асыру үшін 205 грант, «Дипломмен - ауылға» бағдарламасы бойынша 103 микрокредит берілді. 2026 жылға облыста 13 324 жаңа жұмыс орнын құру межесі бекітілді. Осы мақсатта өңірлік жұмыспен қамту картасы қабылданды.

Өткен аптада облыста «Қаладан - ауылға» пилоттық жобасын іске асыруды бастадық. Бұл жобаның басты мақсаты - ауылдық жерлердің тыныс-тіршілігін жаңғырту, кадрлық әлеуетін күшейту. Жоба аясында ауыл тұрғындарын тұрақтандыру және қаладан ауылға қоныс аударушыларды тарту арқылы демографиялық тепе-теңдікті сақтау, ауылдық елді мекендердегі кадр тапшылығын азайту көзделген. Осы ретте жұмыспен қамтудың өңірлік картасын сапалы орындауға әрбір әкім жіті көңіл бөлуі қажет. Сонымен қатар жай жұмыс орындарын құрып қана қоймай, жұмыс орындарының тұрақты болуын және жұмысшыларға қолайлы жағдайлардың жасалуын қатаң бақылауы тиіс, - деді Берік Уәли.

Отырысты қорытындылаған аймақ басшысы салаға жауапты орынбасарына жетекшілік ететін салалардағы даму жоспарларының орындалуын қамтамасыз етіп, жоспарлы көрсеткіштерді қатаң бақылауға алуды тапсырды. Сонымен қатар 2026 жылға арналған өңірлік жұмыспен қамту картасын бекітіп, жұмыс орындарын құру жоспарын толық орындап, инфрақұрылымдық жобалардың уақтылы әрі сапалы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету қажеттігін айтты.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

## БІЛІМ

### ЦИФРЛАНДЫРУ - ӨНІР ДАМУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТЫ

Абай облысының әкімі Берік Уәли «Paradigm Shift» компаниясының өкілдерімен кездесті. Кездесуде білім саласына арналған «Qazaq Digital Mektebi» жобасын өңірде іске асыру мәселелері талқыланды. Бұл туралы Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Еркежан ҚАЙСА, «Semei tanu»

Кездесу барысында компания өкілдері жобаның негізгі бағыттарын, жасанды интеллектке негізделген білім беру платформасының мүмкіндіктерін таныстырды. Ұсынылған жүйе оқу процесін басқарудың базалық құралдарын, цифрлық оқулықтарды, оқушы мен мұғалімге арналған AI-асистенттерді, оқу сапасын бақылау механизмдерін және білім беру контентінің маркетингін қамтиды. «Paradigm Shift» компаниясының басқарушы директоры Алмас Өтеғұлов өңірдің білім саласындағы әлеуеті жоғары екеніне тоқталып, жобаны облыстағы шағын



жинақты мектептерде жүзеге асырғысы келетінін жеткізді. Аймақ басшысы білім беру үйымдасқан цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларын енгізу өңір дамуының маңызды бағыты екенін атап өтіп, кездесуде айтылған ұсыныс-пікірлердің назарға алынатынын айтты.

## КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА ӘР ДАУЫС - ЕЛ ЕРТЕҢІ ҮШІН



Базар ТӨЛЕУОВ, Абай облысының бас хирургі, медицина ғылымдарының кандидаты

Еліміз тағы бір маңызды тарихи кезеңнің табалдырығында тұр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізу туралы Жарлығы ел дамуының жаңа бағытын айқындайтын жауапты шешімдердің бірі болды. Бұл бастама Конституцияның жаңарту арқылы қоғам өмірінің барлық саласын жаңғыртуды көздейді.

Кез келген мемлекеттің өркендеуі, ең алдымен, адам өмірі мен денсаулығын қорғаудан басталады. Сондықтан денсаулық сақтау саласының маманы ретінде Конституцияның жаңа жобасымен мұқият танысып шықтық. Жаңа Ата Заң жобасында адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетік-

терінің күшейтілуі, мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігінің нақты бекітілуі медицина саласының дамуына тікелей ықпал ететін маңызды нормалар деп санаймын. Құжатта азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға, сапалы медициналық көмекке қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған қағидалар қамтылған. Цифрлық кеңістіктегі құқықтардың конституциялық деңгейде бекітілуі уақыт талабынан туындаған. Бұл, денсаулық сақтау саласын цифрландыруға байланысты, пациенттердің жеке деректерін қорғауға, медициналық қызметтің ашықтығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге берік құқықтық негіз қалыптастырады.

Жаңа Конституция билік пен қоғам арасындағы сенімді нығайтып, басқаруда ашықтық пен жауапкершілікті арттыруды көздейді. Мұның өзі медициналық қызмет сапасын жақсартуға, саладағы басқару шешімдерінің әділ әрі тиімді қабылдануына мүмкіндік береді. Референдум - әрбір азаматтың ел тағдырына қатысты өз ұстанымын білдіруге берілген мүмкіндік.

Денсаулық сақтау саласында еңбек етіп жүрген маман ретінде бұл бастаманы толық қолдаймын. Болашақ ұрпақтың амандығы үшін әр азамат жауапты таңдау жасауы тиіс. Сондықтан барша азаматтарды ел болашағы үшін саналы түрде таңдау жасап, референдумда дауыс беруге шақыраймын.

## СЕМЕЙ Семей қаласының әкімі Әділет Қожанбаев Абай облысының Ақпараттық технологиялар орталығының жұмысымен танысты.

### АҚПАРАТТЫҚ ОРТАЛЫҚ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Ай-Көркем МАҚЫШ, «Semei tanu»

Абай облысының цифрлық технологиялар басқармасына қарасты бұл орталық жеке және заңды тұлғалардан «109» қысқа нөмірі, әлеуметтік желілер және автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы келіп түсетін өтініштерді қабылдау, тіркеу, өңдеу және қарауды жүзеге асырады.

Сондай-ақ, түскен өтініштерге жедел әрекет ету мәселелері бойынша атқарушы органдар мен Абай облысы және Семей қаласының коммуналдық қызметтері арасындағы өзара іс-қимылды үйлестіру және ақпарат алмасуды реттеу жұмыстарын қамтамасыз етеді.

Өткен жылдың 11 айында «109» Бірыңғай байланыс орталығы арқылы тұрғындардан 24 193 өтінім түсті. Сонымен бірге, орталықта білім беру нысандарында, жол қозғалысы бағытында және қоғамдық қауіпсіздік бағыты бойынша өкімшілік ғимараттарда, халық көп жиналатын орындарда орнатылып, «SERGEK» жүйесіне енгізілген 3500 бейнекамера бақыланады. Өткен жылы «109» Бірыңғай байланыс орталығы қызметкерлері бейнебақылау камералары арқылы 615 құқықбұзушылық дерегін анықтады,- деді Ақпараттық технологиялар орталығының директоры Руслан Ибраев.

Айта кетсек, орталықта 50-ге жуық қызметкер жұмыс істейді. Олар тәулік бойы тұрғындардың өтініш-тілектері, арыз-шағымдарын қабылдайды.



РЕФЕРЕНДУМ

ӨНДІРІС ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Семей қаласындағы «DAEWOO BUS KAZAKHSTAN» ЖШС өндірістік алаңында республикалық референдум қарсаңында кәсіпорын еңбек ұжымымен ашық кездесу өтті.

Жиынға Абай облыстық мәслихатының төрағасы, өңірлік коалиция жетекшісі Шалқар Байбеков және коалиция мүшелері қатысты. Кездесуге 100-ге жуық өндіріс қызметкері жиналды. Басқосуда жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттары, енгізілетін өзгерістердің мазмұны және 15 наурызда өтетін республикалық референдумның саяси-құқықтық маңызы жан-жақты түсіндірілді.

Шалқар Байбеков Конституциялық комиссия жұмысының нәтижелеріне тоқталды. Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес 15 наурызда жалпыұлттық референдум өтетінін айтып, өңірде құрылған коалицияның басты міндеті жаңа Конституция жобасын халыққа кеңінен әрі дұрыс түсіндіру екенін жеткізді. Сондай-ақ ол кәсіпорынның өңір экономикасындағы орнына ерекше тоқталды:

«Бұл өндіріс орнында 450-ге жуық адам еңбек етеді. Сіздер тек өнім шығарып отырған жоқсыздар, өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына нақты үлес қосып келесіздер. Еңбек адамдарының пікірі ерқашан маңызды. Сондықтан ел болашағына қатысты маңызды шешім қабылданатын сәтте белсенділік танытуға шақырамын», – деді Шалқар Байбеков.

Кездесу барысында коалиция мүшелері - «Ауыл» партиясы Абай облыстық филиалының төрағасы Қайрат Смағұлов, облыстық мәслихат депутаты Қуаныш Қасенов, Абай облысы бойынша Әйелдер қанатының кеңесшісі Айгерім Смағұлова, «Respublica» партиясы Абай облыстық филиалының төрағасы Алмас Айтмұқаш сөз сөйлеп, конституциялық өзгерістердің мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге, азаматтардың құқықтық кепілдіктерін күшейтуге және әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өтті. Сонымен қатар Конституцияның 3-бабы мен 30-бабына енгізілетін өзгерістердің мәні түсіндірілді.



Жиын соңында еңбек ұжымы өкілдері өз пікірлерін білдірді. Кәсіпорын қызметкері Серік Омаровтың айтуынша, кездесуде Конституция жобасының мазмұны нақты әрі түсінікті жеткізілді:

«Біз жаңа Конституция жобасындағы өзгерістердің жарқын болашаққа бастайтынына сенгіміз келеді. Кейінгі кезде қоғамнан биліктің ашықтығына, жеделдігіне қатысты көп ұсыныс айтылды. Референдум – әр азаматтың жауапкершілігін айқындайтын тарихи сәт. Үмітіміз бар. Біз ұжыммен жаңа Ата Заң жобасын қолдаймыз», – деді ол.

Кездесу ашық әрі мазмұнды болды. Қатысушылар Жаңа Конституция жобасындағы өзгерістерді қолдайтындарын жеткізді.

Абай облысы мәслихатының баспасөз қызметі

Өңірлік коммуникациялар қызметінде

Абай облысы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі басшысының міндетін атқарушы Рустам Айтқұлов 2025 жылы салада атқарылған жұмыстардың қорытындысымен таныстырып, алдағы жоспарлар туралы айтты.

Семейде инфрақұрылым жаңартып келеді

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei tañy»



Семей қаласы тұрғындары ЖЭО-1 мен 21 қазандық жылумен қамтамасыз етеді. Қалада 76 орталық жылу пунктін мен 92 қазандық агрегатты жұмыс істейді. Жылу желілерінің ұзындығы 325,5 шақырымды құрайды.

Өткен жылы жылу беру маусымына дайындық аясында Үкімет резервінен және жергілікті бюджеттен 4,949 млрд теңге бөлінді. Осы қаражат есебінен 13 жылу көзінде жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 3,49 шақырым жылу желісі жаңартылды. Қазандық агрегаттары мен бу қазандықтарына ағымдағы жөндеу жүргізіліп, ЖЭО-1-де турбинасында іске қосу-баптау жұмыстары аяқталды, тарату құрылғылары да жаңартылды. Березовский кентінде жылу желісі толық жаңартылды. Сонымен қатар бірқатар магистральдық және кварталшілік жылу желілеріндегі тозған учаскелер ауыстырылды. Барлық жоспарланған іс-шаралар белгіленген мерзімде орындалып, жылыту маусымы 2025 жылғы 29 қыркүйекте шаттық режимде басталды. Әлеуметтік нысандар мен тұрғын үй қоры толық көлемде жылумен қамтамасыз етілді. апатты жағдайлар болған жоқ, – деді Рустам Айтқұлов.

Рустам Айтқұловтың айтуынша, алдағы жылыту маусымына дайындық жүргізу үшін жергілікті бюджеттен 2,5 млрд теңге қарастырылған. Осы қаражат шеңберінде 11 жылу көзін жөндеуден өткізу және 11,41 шақырым жылу желісін жаңарту жоспарланып отыр. Негізгі назар магистральдық және кварталшілік желілерді кеңейтуге, тозған учаскелерді ауыстыруға және гидравликалық режимді тұрақтандыруға бағытталады. Бұл шаралар жылумен жабдықтаудың сенімділігін арттырып, жылу желілеріндегі техникалық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Сүмен жабдықтау және су беру саласында 2025 жылы 14 жоба іске асырылды, оның ішінде 7 жоба мемлекеттік арнайы қор есебінен қаржыландырылды. Барлық нысандар белгіленген мерзімде аяқталып, пайдалануға берілді. Қаланың бірқатар шағын аудандары мен жеке тұрғын үй сектор тұрғындары орталықтандырылған сүмен жабдықтау желілеріне қосылды, – деп атап өтті Рустам Айтқұлов.

Жаңа су желілері тартылып, қолданыстағы желілер жаңартылған. Бұл тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету деңгейін арттыруға үлкен мүмкіндік беріп отыр.

Өңір тұрғындары сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету және тозған инфрақұрылымды жаңарту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Мемлекет басшысының елді мекендерді 100 пайыз таза ауыз сумен қамту жөніндегі тапсырмасы аясында өңірде қазіргі таңда 32 жоба іске асырылып жатыр. Сондай-ақ 2024 жылдан ауысқан 15 жоба жүзеге асырылуда, тағы 18 жоба басталды. Негізгі мақсат – халықты сапалы ауыз сумен толық қамту және желілердің тозу деңгейін кезең-кезеңімен төмендету. Қазіргі таңда облыс бойынша су желілерінің орташа тозуы - 44,1 пайыз. Бұл көрсеткішті 36 пайызға дейін азайтуды жоспарлап отырмыз, – деді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Раджан Сейтқанов.

Сонымен қатар су жүйелерін басқаруды жетілдіру және апаттық жағдайларда жедел әрекет ету мақсатында цифрлық технологияларды енгізу бағытындағы жұмыстар жалғасын таппақ.

Баспасөз мәслихатында абаттандыру жұмыстары туралы да айтылды. Абаттандыру жұмыстары барысында аула-шайық жолдар жөндеулі, тротуарлар салынған. Сонымен қатар балалар ойын алаңдары және спорт алаңдары орнатылып, жарықтандыру және көгалдандыру жұмыстары жүргізілген. Жалпы, 2025 жылы 35 аула аумағы абаттандырылған.

Жалпы алғанда, 2025 жылы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында атқарылған жұмыстар қала инфрақұрылымының тұрақты жұмыс істеуіне мүмкіндік берді. 2026 жылға белгіленген міндеттер де тұрғындарға қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға бағыттталып отыр.

ЖАСТАР АТА ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚОЛДАЙДЫ

Семей қаласындағы Шәкәрім университеті жанындағы «ЖасStar» коворкинг алаңында «Жаңа Прогрессивті Конституция – бірлігіміздің тірегі» тақырыбында кездесу өтті.



Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei tañy»

Жаңа Конституция жобасы мен алдағы 15 наурызда өтетін республикалық референдум арнап-арнап жиынға облыс әкімінің орынба-

сары Мейірлан Раханов, Шәкәрім университетінің студенттері мен оқытушылары қатысты.

Кездесу барысында жаңа Конституция жобасында ұсынылған өзгерістер мен толықтырулар талқыланып, олардың мазмұны

мен маңызы жан-жақты түсіндірілді. Әсіресе азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кеңейтуге бағытталған нормаларға, соның ішінде цифрлық құқықтарды бекіту мәселесіне ерекше назар аударылды. Облыс әкімінің орынбасары Мейірлан Раханов қазіргі цифрландыру дәуірінде әр азаматтың жеке деректерінің қорғалуы, ақпараттық қауіпсіздік пен цифрлық кеңістіктегі құқықтарының сақталуы заман талабы екенін атап өтті.

Референдум – мемлекеттің саяси жүйесін жаңғыртуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нығайтуға бағытталған ауқымды конституциялық реформаның заңды жалғасы. Тарихта мемлекеттерді әлсірететін бір құбылыс бар, ол – артта қалу. Өлем өзгеріп жатқанда жаңарудан бастар түрде әлсіретеді. Сондықтан Конституциялық реформаны дәл қазір жүзеге асыру – стратегиялық тұрғыдан орынды шешім. Бұл – ел дамуының бағытын айқындай-

тын таңдау. Оның ең өзекті тұстарының бірі – адами капитал, – деді М.Раханов.

Жыны барысында жастарға республикалық референдумның мән-маңызы түсіндіріліп, әрбір азаматтың ел болашағына қатысты шешім қабылдаудағы жауапкершілігі туралы айтылды. Еркін пікір алмасу форматында өткен кездесуде студенттер өте белсенді болып, жаңа Конституция жобасына қатысты сұрақтарын қойып, өз пікірлерін ортаға салды. Жастар конституциялық реформалардың ел дамуына, әділетті қоғам қалыптастыруға және мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге ықпал ететініне сенім білдірді.

Жаңа Конституция – біздің ертеңіміз, мүмкіндігіміз. Ата Заң – әділдік пен теңдіктің кепілі. Сондықтан алдағы референдумға қатысып, дауыс беру – азаматтық парызымыз, – дейді Шәкәрім университеті студенттік Парламентінің журналисі, белсенді жас Фатима Сәтпекова.

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАЙДЫ



Еліміз бүгін тарихи маңызы зор кезеңнің табалдырығында тұр. 2026 жылғы 15 наурызда өтетін республикалық референдум – мемлекет дамуының жаңа бағытын айқындайтын, ел болашағына тікелей әсер ететін маңызды саяси оқиға. Бұл – Конституцияның жаңарту арқылы қоғамды жаңғыртуға, басқару жүйесін жетілдіруге және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған шешуші бастама.

Гүлнар Жұмашева, бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор

ның қорғалуы, сапалы білім алу мүмкіндігі және қауіпсіз, әділетті ортада өсуі. Ұсынылып отырған жаңартылған Конституция жобасында адам құқықтарын қорғау тетіктерінің күшейтілуі, әлеуметтік әділеттілік, тең мүмкіндіктер мен заң үстемдігі қағидаттарының нақты бекітілуі болашақ ұрпақтың саналы, жауапкершілігі жоғары азамат болып қалыптасуына негіз қалайды деп сенемін. Өйткені Ата Заң – тек құқықтық құжат ғана емес, ол қоғамның құндылықтарын айқындайтын, өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие мен жауапкершілікті қалыптастыратын бағдар іспетті.

Балалар құндылықтары өмірде бізге, үлкендерге, қарап бой түзейді. Олар ел тағдырына немқұрайлы қарамайтын, өз пікірін ашық білдіретін, қоғамдағы үдерістерге белсенді қатысатын азаматтың бейнесін көруі керек. Осы тұрғыда референдумға қатысу жақ ұрпаққа нақты үлгі көрсетудің, азаматтық мәдениеттің мәнін түсіндірудің маңызды жолы деуге болады. Бұл – болашақта өз

елінің тағдырына бейжай қарамайтын азамат тәрбиелеудің алғашқы жолы.

Сонымен қатар Конституция жобасында азаматтардың пікірін ескеруге, қоғамды шешім қабылдау үдерісіне кеңінен тартуға ерекше мән берілгені куәлантады. Мұндай ұстаным мектеп қабырғасынан бастап оқушыларға демократиялық құндылықтарды, диалог мәдениетін және ортақ жауапкершілік қағидаттарын түсіндіруге берік негіз болады. Конституцияның жаңаруы – тек заң жүйесінің емес, білім мен тәрбиенің де жаңаруы. Өрбір баланың ертеңгі күні құқығы қорғалатын, әділетті әрі тұрақты қоғамда өмір сүруі үшін біз бүгін саналы әрі жауапты таңдау жасауымыз қажет. Сондықтан алдағы референдумға қатысып, ел болашағы үшін дауыс беру – әрбір ұстаздың, әрбір қазақстандық азамат пен азаматшаның ел алдындағы боршы де білемін. Бүгінгі таңдауымыз елдің ертеңі мен болашақ ұрпақтың жарқын келешегі үшін аса маңызды.

«ҚАЛАДАН – АУЫЛҒА»

Марат ҚАЛИҚАНҰЛЫ:

АУЫЛҒА ОРАЛУ - ТАМЫРҒА ОРАЛУ

Бүгінде ауыл тақырыбы – тек экономика емес, ұлт тағдырына айналар мәселе. Облыс әкімі Берік Уәлиұлының бастамасымен өткен «Қаладан - ауылға» форумы осыны тағы бір мәрте еске салды. Осы форумнан кейін Марат Қалиқанұлымен тілдескен едік.

урбандану көшін тоқтатпаса, ауылдардан айырылып қалу қаупі бар. Азық-түлік қауіпсіздігі де ауылмен тікелей байланысты. Ауылда мүмкіндік көп.

- Ауылға бет алған ағайынға өзіңіздің тарапыңыздан қандай қолдау көрсете аласыз?

- Жақсы сұрақ. Біз өз шаруашылығымызға 10 отбасын қабылдауға дайынбыз. Үй де бар, жұмыс та бар, 300 мыңнан жоғары жалақы төлейміз. Ауылда қазақтың болмысы, тілі мен дәстүрі сақталған. Ауыл өлсіресе, ұлт өлсірейді.

Көшіп келген ағайынға аяғынан тұрып кеткенше қолдау көрсетеміз, әр отбасыға екі сиырдан беруге дайынбыз. Сүт өнімдерін де табыс көзіне айналдыруға болады. Кей отбасылардың 700 мың теңгеге дейін табыс табуға мүмкіндігі бар. Ұлт саулығын ойласақ, ауылды ойлауымыз керек. Ауыл халықты азық-түлікпен қамтамасыз етеді. Құнары мол, табиғи таза тағам – денсаулықты жақсы болуының басты шарты. Қала дүкендерінің сөресіндегі азық-түлік - ет, сүт, май, қаймақ, айран - бәрі ауылдан келеді.

- Шаруашылықтарыңыз туралы қысқаша айта кетсеңіз...

- Кәсібімізді бастаған кезде 8 сиырымыз ғана болды. Қазіргі күні ірі қара саны мың жарымға, жылқы саны мыңға жетті. Табанды еңбектің және мемлекеттің қолдауының арқасында осындай жетістікке жеттік. Жетілдірілген несие, субсидия үлкен қолдау болды. Дегенмен бүгінгі күні жұмыс күшінің тапшылығы ауылдағы ең үлкен мәселе болып отыр.

Мал шаруашылығы - ұлттық кәсібіміз. Қазақ малмен өмір сүрген, малмен ел болған. Біз соны ұмыта бастадық. Тамырдан ажыраған ағаштың көктемейтіні сияқты, ауылдан ажыраған ұлт та өл-

сірейді.

- Жастар неге ауылдан қашады деп ойлайсыз?

- Себебі ауылдың қадірін дұрыс түсіндірмедік. Ал, шын мәнінде, ауыл - еңбек мекені. Бүгін бізде мал дәрігері, агроном, инженер мамандар тапшы. Білікті мамандарға миллионнан астам жалақы төлеп отырмыз. Ата-бабамыз «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар, бәрінен де қой бағып, құйрық жеген озар» дегенді бекер айтпаған ғой. Бұл - өмір философиясы. Еңбек еткен ел ғана озады. Ауыл - сол еңбектің ордасы.

- Ауылды дамытуға кәсіпкерлердің қосып отырған үлесі қандай?

- Ауыл бір адамның күшімен көтерілмейді. Бірақ ауылды дамытатын - елге жаны ашитын азаматтар. Бүгін көптеген шаруашылықтарда жұмыс бар, бірақ маман жоқ. Қаладан келген кәсіпкер ауылда ұтылмайды. Керісінше, ауыл оған кеңістік береді. Жер бар. Ресурс бар. Мемлекеттен қолдау бар. Тек ниет керек. Өз тәжірибемнен айтайын: балаларым қалада оқыды, қызмет істеді. Бірақ түбі ауылға қайтып келді. Себебі ауыл - табыс қана емес, тамыр.

- Қала кәсіпкерлеріне айтарыңыз?

- Ауылға инвестиция салу - болашаққа инвестиция салу. Қалада бизнес көп, бәсеке көп. Ал ауылда мүмкіндік көп. Бүгін ауылға бет бұрған адам ертең ұтылмайды. Ауылда салынған әр үй - ұлт болашағына қаланған кірпіш. Әр қорадағы мал - елдің ертеңі.

- Сонымен, «Қаладан - ауылға» форумынан түгін ойыңыз қандай?

- Билік ауылға бет бұрды. Бұл - тарихи мүмкіндік. Енді осы бастамаға қолдау көрсету керек. Ұлттың болашағын ойласақ, ауылды өркендетуіміз керек. Себебі ауыл - берекенің бастауы, ауыл - ұрпақтың қорғаны. Ауыл - ұлттың тамыры.

- «Қаладан - ауылға» жобасы урбанизация көшін тоқтата ала ма?

- Урбанизация - табиғи үрдіс. Оны толық тоқтату мүмкін емес. Бірақ оның жолын бөгегуге болады. Бүгінгі мәселе - қала халқының саны шамадан тыс көбейіп барады. Адам көп, жұмыс аз, баспана қымбат. Ал ауылда, керісінше, жер бар, жұмыс бар, мүмкіндік бар, бірақ адам қолы жетіспейді. «Қаладан - ауылға» жобасы - осы теңсіздікті азайтатын бастама. Бұл урбанизацияға қарсы күрес емес, бұл ұлттық тепе-теңдікті қалпына келтіру деп түсінемін.

Бір шындықты мойындауымыз керек: ауыл босаса, елдің іргесі сөгіледі. Себебі ауыл - ұлттың табиғи өсімі, рухани тірегі, азық-түлік қауіпсіздігінің негізі. Қалада туған ұрпақтың тамыры өлсірейді, ал ауылда өскен бала табиғатқа жақын болады, еңбекпен шыңдалып, салт-дәстүрді біліп өседі. Сондықтан бұл бастама урбанизацияны біржола тоқтатпаса да, оның зардабын азайта алады. Ең бастысы, жобаның мақсаты - адамдарды ауылға күштеп көшіру емес, таңдау беру. Қалада тұншық жүрген адамға ауылдың мүмкіндіктерін көрсету. Егер ауылда жұмыс, табыс тұрақты, инфрақұрылым дамыған болса, халық өзі-ақ бет бұрады. Қазақтың жүрегіне ауылға деген сағыныш ешқашан өшпейді.

Сөз ретінде айтса кетейін, мен алдағы референдумда конституциялық құқығымды пайдаланып, дауыс беремін. Ел тағдырына бейжай қарамаймын. Тамырымызды сақтасақ, тағдырымызды сақтаймыз.

Жастарға айтарым, егер балаларың табиғи тамақпен қоректеніп, ана тілімен сусындып өссін десең, ауылға орал. Ауыл ешкімді жатсынбайды.

Шайза ДОСКЕЕВА



Марат Қалиқанұлы Каликов 1966 жылы Көкпекті ауданында дүниеге келген. Әскер қатарында азаматтық борышын өтеп келгеннен соң арнаулы орта оқу орнында байланыс саласына қажетті мамандық алғанымен, еңбек жолын ауыл шаруашылығы саласында жалғастырды. 1994 жылдан бастап Семей өңірінде аграрлық салада тәжірибе жинақтады.

Марат Қалиқанұлы 2005 жылы «Қалиқанұлы» шаруа қожалығын құрып, мал шаруашылығымен айналыса бастады. Кейін Бесқарағай ауданында сүт-тауарлы ферма мен сүт өңдеу цехын ашты. Бүгінде шаруашылықта асыл тұқымды ірі қара өсіріледі, өндіріс көлемі жыл сайын артып келеді. 2019 жылы өнімдері «Қазақстанның үздік тауары» байқауында жүлделі орын иеленді. Серіктестік 2023-2025 жылдар аралығында жаңа техника мен мал сатып алып, өндірістік әлеуетін арттырды.

Аграрлық саланы дамытуға үлес қосып жүрген тәжірибелі шаруашылық жетекшісі Марат Қалиқанұлының марапаттары да аз емес. 2025 жылы Бесқарағай ауданының Құрметті азаматы атағы берілді.

- Марат Қалиқанұлы, «Қаладан - ауылға» жобасы туралы пікіріңіз қандай?

- Менің ойымша, бұл - ұлт болашағына алаңдаушылықтан қолға алынған игі іс. Қалада тығырлық тірелген жандар көп: жұмыс жоқ, баспана жоқ, ертеңге деген сенім аз. Ауыл бұл орайда көшіп барушыларға құшағын ашып, қолдау білдіруге дайын. Ауыл - ұлт бесігі. Өкінішке қарай, бүгінгі



- Нариман Бақытұлы, әңгімені өткен жылдың қорытындысынан бастасақ, Қандай жұмыстар атқарылды? Қандай өзекті мәселелер тексеру комиссиясының назарында болды?

- Абай облысы бойынша тексеру комиссиясының негізгі қызметі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңына, сондай-ақ осы саладағы өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік орган өз жұмысында заңдылық, тәуелсіздік, объективтілік және ашықтық қағидаттарын басшылыққа алады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жыл сайын мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі бекітіледі. Аталған тізбе - аудиттің бағыттарын және тексеруге жататын аудит объектілерінің тізбесін айқындайтын құжат. Бұл ретте тізбеге өзгерістер енгізу негіздері заңнамада нақты белгіленген: олар тек Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары, Жоғары аудиторлық палатаның бастамалары мен сұраныстары, тиісті мәслихаттардың шешімдері және комиссия төрағасының шешімі негізінде жүзеге асырылады. Аталған бағытта біз мәслихат депутаттарымен тығыз байланыста жұмыс жүргіземіз.

Бекітілген тізбеге сәйкес, алдағы кезеңде облыстың мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде тиісті аудиторлық іс-шаралар жүргізіледі. Олар бюджет қаражатының тиімді әрі мақсатты пайдаланылуын, сондай-ақ мемлекеттік активтердің сақталуын бағалауға бағытталған. Сонымен қатар жерлікті бюджеттің атқарылуын бақылау бойынша басқа да бақылау іс-шараларын өткіземіз.

2025 жылдың қорытындысы бойынша, облыс көлемінде тексеру комиссиясы 13 аудиторлық және сараптамалық-талдамалық іс-шара өткізді. Аталған іс-шаралар шеңберінде барлығы 100 объект қамтылды.

Осылайша, 2025 жылы жүргізілген тексерулер өңір экономикасының және әлеуметтік саласының бірқатар стратегиялық бағыттарын қамтыды. Атап айтқанда, спорт, денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы ұйымдардың қызметіне, Семей қаласының квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, Бесқарағай ауданының мемлекеттік мекемелеріне, облыстағы аяқталмаған проблемалық құрылыс нысандарына, сондай-ақ Абай облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарының іске асырылу барысына аудит жүргізілді. Бұдан бөлек, бюджет қаражатын жоспарлау мен пайдалану тиімділігіне қатысты өзге де бағыттар зерделенді.

Жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 98 млрд теңгеден асты.

Анықталған бұзушылықтардың құрылымына тоқталсақ, олардың 72,1 пайызын, немесе 70 млрд теңгеден астамын, бюджет қаражаты мен мемлекеттік активтерді тиімсіз пайдалану фактілері құрайды. 8,2 пайызы, немесе 8 млрд теңгеден астамы, бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлауға қатысты бұзушылықтар болса, 19,7 пайызы, немесе 19,0 млрд теңгеден астамы, қаржылық бұзушылықтар ретінде жіктелді.

Бұл ретте қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасының 79 пайызы, яғни 15 027,5 млн теңге көлемінде қаражат жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігінде жүргізілген мемлекеттік аудит барысында қаржылық есептілікті бұрмалау фактілері ретінде анықталды. Бұл көрсеткіш қаржылық есептіліктің анықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету мәселесінің өзектілігін айқындайды.

Анықталған бұзушылықтар бойынша тиісті шаралар қабылданып, нәтижесінде жергілікті бюджет кірісіне барлығы 239,6 млн теңге өтеліп, 18 млрд теңгеден астам қаражаттың жұмыстары қалпына келтірілді.

2025 жылы жүргізілген аудит қорытындылары бойынша, жол берілген бұзушылықтар мен кемшіліктер үшін 175 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, 3 заңды тұлға 3,4 млн теңге сомасында және 88 лауазымды тұлға 23,8 млн теңге сомасында әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

- 98 млрд теңге қаржылық тәртіп бұзушылық анықталды дегеніңіз. Осы орайда бір сұрақ: бұл жай сан ба, әлде дабыл ма?

- Бұл жай сан емес. Бұл - бюджет қаражатының сапалы және уақтылы орындалуына қойылған диагноз. 98 миллиард - бір өңір үшін өте үлкен көрсеткіш. Ең маңыздысы - оның 70 миллиард астамы тиімсіз пайдаланылған. Яғни қаржы игерілген, бірақ нәтиже күмәнді. Бұл - бюджеттік бағдарламалар әкімшіліктерінің басқару сапасына қатысты мәселе.

- Сонда мәселе ұрлықта емес дейсіз бе?

- Аудит қылмыстық баға бермейді, біз фактіге сүйенеміз. Бірақ бір нәрсе анық: тиімсіздік - жауапкершіліктің әлсіздігін көрсетеді. Қаржы жоғалмауы мүмкін. Бірақ нәтиже жоғалса, жоғам ұтылады.

- Шоғырландырылған аудит жүргізілді дегеніңіз, неге облыстық қаржы бойынша есеп тапсыру кезінде қателіктер көп? Бұл ненің кесірінен деп ойлайсыз?

- Иә, өткен жылы жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігін аудиттің негізінде, облысымыздың шоғырландырылған қаржылық есептілігін құрайтын 10 аудан, 2 қала, 2 департамент, 21 басқарма, тексеру комиссиясы, мәслихат және Абай облысы әкімінің аппараты мекемелерінің арасынан 5 мемлекеттік мекеме ғана аудитпен қамтылған. Тек осы қамтылған 5 мекеме бойынша аудит нәтижесінде 15 027,5 млн теңге қаржылық бұзушылықтар анықталған.

Аудит барысында бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жылдық қаржылық есептілікті жасау алдында қаржылық инвестицияларға, аяқталмаған өндіріс, инвесторлармен және кредиторлармен есеп айырысуға түгелден жүргізбейтін белгілі болды.

Нәтижесінде, шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау кезінде есепті кезеңдегі операцияларды көрсетудің толықтығы мен сенімділігі, кірістер мен шығыстардың дұрыстығы сақталмаған, ол қаржылық инвестициялардың елеулі көлемдерінің ұзақ мерзімді активтер ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте (ББӨ есептерінде) көрсетілмеуіне әкеп соқты.

Айта кету керек, 2024 жылға арналған жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігі бойынша анықталған көлемі мен сипаты жағынан елеулі бұзушылықтар, қаржылық есептілікті бұрмалауы Абай облысының 2024 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің дұрыстығына теріс әсерін тигізеді.

дырылған қаржылық есептіліктің бұрмалануына әсер ететіндігін атап өтеміз. Анықталған бұзушылықтардың негізгі себептері - бухгалтерлік есеп және есептілік саласындағы білікті мамандардың тапшылығына байланысты көптеген мемлекеттік органдардың құрылымында бухгалтер лауазымдарының жетіспеуі.

Аталған факторлар мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігі нақты қаржылық жағдайды әрдайым толық әрі шынайы көрсетпеуіне және әрі қарайғы есептеулер мен жоспарлау үшін сенімді негіз бола алмауына себеп болады.

- Абай облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарының орындалуы туралы не айта аласыз?

- Абай облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарына қол жеткізу және іске асыру тиімділігінің аудиті шеңберінде жалпы сомасы 17 381,4 млн теңгеге бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін тиімсіз жоспарлау және пайдалану, сондай-ақ 4 рәсімдік бұзушылық

төлемдері бойынша негізсіз шығыстар, бюджетке төленетін міндетті төлемдерді дұрыс есептеу мен аударуда көрініс табатын салық заңнамасын бұзу, сондай-ақ ағымдағы және күрделі сипаттағы жөндеу жұмыстарының нақты орындалуы болмаған кезде орындалған жұмыстар актілеріне ақы төлеу жағдайлары анықталды.

Кейбір жағдайларда медициналық мекемелер бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімсіз жоспарлауына және пайдалануына жол берген.

Тағы бір айта кететін жағдай медициналық ұйымдардың екінші деңгейдегі банктөрің депозиттеріне қаражатты орналастыруы және сыйақылардан кірістерді заңсыз алуы болып табылады.

Осы бұзушылықтармен қатар, құрылтай құжаттарындағы, есеп және салық саясатындағы олқылықтарға байланысты басқа да ұйымдастырушылық кемшіліктер анықталды. Кейбір жағдайларда қаржылық құжаттарға өзгерістер уақтылы енгізілмейді. Бұдан басқа, медициналық

серу комиссиясы тарапынан қандай жұмыс жүргізіледі?

Тексеру комиссиясы мемлекеттік аудит барысында бюджеттердің атқарылуының нақты көрсеткіштерінің бюджет туралы тиісті мәслихаттардың шешімдерімен бекітілген көрсеткіштерге сәйкестігіне кейіннен бағалауды жыл сайын жүзеге асырады. Бұл ретте кейіннен бағалау, бюджет көрсеткіштерінің орындалуының толықтығы мен уақтылығын айқындау үшін, есепті қаржы жылындағы бюджет туралы мәслихаттар шешімдерінің орындалуына, бюджеттердің атқарылу заңдылығын, есеп пен есептіліктің анықтығын, бюджет қаражатын, мемлекет активтерін пайдаланудың тиімділігін айқындау мақсатында бюджеттердің атқарылуы туралы жылдық есептерге, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік есептілігіне жүзеге асырылады. Яғни, тиісті мемлекеттік органдар ұсынған мәліметтерді саралау арқылы аудан, қала және облыс бюджеттерінің өткен қаржы жылындағы атқары-

комиссиясына қатысты осы жайлы не айта аласыз?

Тексеру комиссиясы жеке және заңды тұлғалардың өтініштері негізінде тексерулер жүргізе алмайды. Сөзімізін басында айта кеткенімдей, бекітілген мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне өзгерістер заңда айқындалған негіздерде ғана енгізіледі.

Алайда тиісті жылға арналған аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру кезінде, басқа ұсынымдар мен ұсыныстарда бөлек, мемлекеттік органдар мен жеке және заңды тұлғалардың сұраулары мен өтініштерін жоспарға енгізудің орындылығы талданады. Егер өтінішті мән-жайлары дереу тексеруді және қажетті шараларды қабылдауды талап етсе немесе өтініш мәселесін қарату тексеру комиссиясының құзыретіне кірмесе, онда мұндай өтініштерді біз осындай мәселелерді қаратуға уәкілетті тиісті мемлекеттік органға бағыттаймыз.

Бұл жерде түсіндіре кететін жайт: атал-

## Нариман ТАУШОВ:

# АУДИТТІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – ЖАЗАЛАУ ЕМЕС, ТҮЗЕТУ



**Нариман Бақытұлы Таушов 1967 жылы Атырау облысында туған. Екі жоғары білімі бар: экономист және заңгер. Еңбек жолын салық қызметінде бастап, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Атырау облыстарында басшылық қызметтер атқарған. 2020 жылы Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы, 2021-2022 жылдары облыс әкімінің орынбасары болды. 2022 жылдың қазанынан бастап Абай облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы.**

**Ауған соғысының ардагері, «Құрмет» орденінің иегері, мемлекеттік аудитор.**

**Бүгін Абай облысындағы соңғы тексерулер мен бюджет игерудегі көлеңкелі тұстар жайлы тексеру комиссиясының төрағасымен ашық сұхбатты назарларыңызға ұсынып отырмыз.**

анықталды. Мемлекеттік бюджет қаражаты мен активтерін тиімсіз пайдалану фактілері аудитпен қамтылған 11 объектінің 9-ы бойынша түпкілікті нәтижегерге қол жеткізілмеген іске асырылған жобалар бойынша белгіленген. Атап айтқанда Абай облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарында белгіленген мерзімде жобаларды аяқтамау, сондай-ақ пайдалануға берілген сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау объектілерін пайдаланбау және тағы басқалар.

Жүргізілген тиімділік аудитінің нәтижелері бойынша, Абай облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы орындаушы мемлекеттік органдармен бірлесіп, облыстың даму жоспарын іске асыру кезінде туындайтын жүйелі бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және іс-шаралар жоспарын орындау жөнінде ақпарат тапсыруға ұсынымдар берілді.

Жол берілген бұзушылықтар мен кемшіліктердің негізгі себептері - облыстың даму жоспарын іске асыруға жауапты лауазымды тұлғалардың ҚР нормативтік құқықтық актілер талаптарын сақтамауы, бірлесіп орындаушы органдардың объектілерді пайдалануға уақтылы және толық тапсыру бөлігінде шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамауы.

- Аяқталмаған құрылыс жайына тоқталсақ. Осы мәселе бойынша толығырақ айтып берсеңіз.

- Бұл бағыттағы аудит күрделі картинаны көрсетті. 39 млрд теңгеден астам қаржылық бұзушылық анықталды. Мысалы, Семей қаласында коммуналдық меншікке берілмеген ондаған нысан бар. Яғни нысан салынған, бірақ толық пайдалануға берілмеген. Бұл бюджет қаражатының тиімділігін төмендетеді. Аталған аудиторлық тексеріс бастапқы кезеңде ҚР Президенті әкімшілігінің қарарына ҚР Жоғары аудиторлық палатасы тапсырмасының негізінде 2025 жылғы тізбеде қарастырылған болатын.

Осылайша, өткен жылдың бірінші жарты жылдығында Абай облысындағы аяқталмаған құрылыс объектілеріне, сондай-ақ коммуналдық меншікке берілмеген объектілерге мемлекеттік аудит жүргізілген. Тексеріспен 39 261,9 млн теңгеге ҚР бюджет және өзге де заңнаманың бұзушылықтары, 768,5 млн теңге ықтимал шығындар мен жоғалған пайда анықталды.

Анықталған бұзушылықтар құрылымында 99,4 пайыз, немесе 39 024,8 млн теңге бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін тиімсіз пайдалану фактілеріне тиесілі. Мысалы, аудитпен «Семей қаласының құрылыс бөлімі» ММ-нде 2025 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша жалпы сомасы 36 063,4 млн теңгені құрайтын коммуналдық меншікке берілмеген барлығы 84 объект бар екені анықталды, осылайша, белгіленген мемлекеттік мүлкіті қоғамның игілігі үшін тиімді пайдалану қағидаты сақталмаған. Бұдан басқа, аудитпен 237,1 млн теңге сомасына қаржылық бұзушылықтар анықталды.

Проблемалық жобалардың болуының негізгі себептері қаржы жылы ішінде белгіленген бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану, жосқынсыз мердігерлердің мемлекеттік сатып алуға қатысуы болып табылады. Аудит нәтижелері 0,2 млн теңге сомасына 1 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке, 2 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

- Өткен жылы денсаулық сақтау саласында ауқымды тексеріс жүргізілген екенсіздер. Көптеген бұзушылықтар анықталған екен, осы бұзушылықтар жайлы нақтырақ айта кетсеңіз.

- Иә, 2024-2025 жылдар ішінде біз денсаулық сақтау басқармасына қарасты 26 мемлекеттік медициналық ұйымды аудитпен қамтыдық. Өкінішке қарай, Денсаулық сақтау жүйесінде жылдан-жылға әр түрлі бұзушылықтар мен кемшіліктер толастамай тұр, кейбіреулері жүйелі түрде орын алған. Осылайша, аудитпен 38 млрд теңгеден астам қамтылды, нәтижесінде медициналық ұйымдардың қызметінде 9 млрд теңгеге жұмыс сомаға бұзушылықтар анықталды.

Анықталған бұзушылықтардың негізгі бөлігі бухгалтерлік есептің дұрыс жүргізілмеуімен, сондай-ақ қаржылық есептілік деректерінің бұрмалануымен байланысты. Мұндай бұзушылықтар, өкінішке қарай, аудиттің басқа салалары мен объектілеріне тән «дөрт» екенін атап өткіміз келеді.

Бұдан басқа, жалақыны есептеу және төлеу тәртібін сақтамау фактілері, іссапар

ұйымдардың даму жоспарларының ағымдағы көрсеткіштеріне талдау жеткілісіз жүргізіледі, олардың орындалуына тиісті мониторинг қамтамасыз етілмейді, сондай-ақ нысаналы индикаторлар мен жоспарлы мөндерге уақтылы түзетулер енгізілмейді.

Бүгінгі таңда, біздің тексерулеріміздің қорытындысы бойынша, бюджетке 76 млн теңгеден астам қаражат өтелді, 10 млн теңгеден астам сомаға 38 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке, 75 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Айта кететін жағдай, Аягөз және Ұржар аудандарының ауруханаларында Овернайт депозитіндегі ақша айналымына қатысты қомақты өлшемдегі бұзушылықтар анықталған болатын. Ұржар аудандық ауруханасы бойынша Кассациялық сот өндірісі өтіп, тексеру комиссиясының берген нұсқамасын орындау туралы шешімі қабылданды. Аталған аудит объектілері бойынша нұсқаманы орындау бойынша тиісті шаралар екі жақты қабылданып жатыр.

Сондай-ақ денсаулық сақтау саласы үлкен қаржылық ресурстарға ие және әлеуметтік маңызды бар салалардың бірі ретінде қаржылық бұзушылықтар туындауы мүмкін жоғары тәуекел аймағында екенін атап өткіміз келеді, сондықтан болашақта бұл сала тексеру комиссиясының назарында болады.

- Еліміз бойынша бюджет қаражаты ең көп бөлінетін денсаулық сақтау, әлеуметтік және білім беру салалары жайлы саналды. Білім беру саласы бойынша не айтасыз? Жалпы, тексеріс кезінде қандай кемшіліктер мен бұзушылықтар анықталды?

- Абай облысы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлауға бөлінген бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдалану тиімділігінің мемлекеттік аудитімен 7173,9 млн теңге қаражат көлемімен 11 объект - мемлекеттік колледждер қамтылды, онда 1822,2 млн теңгеге ҚР бюджет және өзге де заңнамасының бұзушылықтары, 52 бірлік рәсімдік бұзушылықтар, 8 бірлік жүйелік кемшіліктер, 0,57 млн теңге сомасына ықтимал шығындар мен жоғалған пайда анықталды.

Облысымыздың техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, яғни колледждерінде мемлекеттік білім беру тапсырыс қаражатын пайдалану кезінде келесідей заңға қайшы фактілер анықталған, атап айтқанда: жұмыс істеп жүрген адамдарды колледждерге қабылдау фактілері, колледжде бұрын білім алған студенттерді мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға қайта қабылдау, дипломы бар тұлғаларды мемлекеттік тапсырыс бойынша қайта оқуға қабылдау, 11-сыныпты бітіргені туралы куәлікті болған жағдайда, 9-сынып негізінде бөлінген мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларды оқуға қабылдау фактісі.

Атап айтқанда, колледждердің лауазымды тұлғаларының Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңнамасының талаптарын орындамауына байланысты, гранттық, мемлекеттік тапсырыс бойынша қайта оқуға, оқу кезеңінде еңбек қызметімен айналысқан студенттердің тіркелуіне рұқсат берілгендігі анықталды.

Сонымен қатар, тексеру барысында жүргізілген талдау бойынша, егде жастағы адамдарды, сондай-ақ бірнеше отбасы мүшелерін бір уақытта колледждерге қабылдау, түсу, тіркеу фактілері бар екені анықтанды, бұл белгілі бір тұлғалардың ресми оқуға түсу қаупін көрсетеді. Аудит кезінде мұндай тұлғалардың нақты колледжде оқығандығын немесе оқымағандығын анықтау мүмкін болмады, алайда белгілі бір тұлғалардың ресми тіркелу қаупі бар екенін атап өткен жөн.

Сондай-ақ аудит барысында 595,8 млн теңге сомасына бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін тиімсіз пайдалану фактілері, 82,9 млн теңге сомасына тиімсіз жоспарлау фактілері анықталды.

Жол берілген бұзушылықтар мен кемшіліктердің негізгі себептері - жауапты лауазымды тұлғалардың ҚР НҚА талаптарын сақтамауы. Аудит нәтижелері бойынша, 7 ұсыным және 8 тапсырма жолданды, оның ішінде орындау мерзімі келген 5 ұсыным және 4 тапсырма орындалды. 1,8 млн теңге сомасына 9 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 0,3 млн теңге сомасына 1 лауазымды тұлға тексеру комиссиясының хаттамасымен тартылды, 35 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

- Жалпы облыс көлеміндегі бюджетті атқарылуын бақылау бойынша тек-

луына бағалау жүргізіледі.

Жүргізілген бағалау нәтижелері негізінде қорытынды қалыптастырылады. Аталған қорытынды тексеру комиссиясының мүшелері немесе төрағасы тарапынан тиісті мәслихат депутаттарына сессия барысында ұсынылады.

Бұдан басқа, бюджеттердің орындалуы туралы жедел ақпарат қалыптастыру үшін әр тоқсан сайын ағымдағы бағалау жүргізіледі. Тексеру комиссиясы бюджеттердің атқарылу процесінде тиісті бюджет кірісіне салықтық және салықтық емес түсімдердің толықтығын және уақтылығын, тиісті бюджет туралы заңның (мәслихат шешімінің) бекітілген көрсеткіштерімен салыстыра отырып, бюджет қаражатының нақты жұмсалыну талдайды. Егер ауытқулар немесе заң бұзушылықтар анықталса, олардың себептері зерттеліп, жою бойынша ұсынымдар беріледі.

Ағымдағы бағалау мемлекеттік аудит материалдарына және мемлекеттік органдар мен бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің электронды түрде ұсынатын деректеріне сүйене отырып жүргізіледі. Осы рәсімдер арқылы бюджет кірістері мен шығыстарының заңдылығы, толықтығы, уақтылығы және тиімділігі айқындалып, анықталған ауытқулар мен бұзушылықтарды жою жөнінде ұсынымдар енгізіледі. Нәтижесінде мәслихат депутаттарына бюджеттердің атқарылуы туралы негізделген және талдамалық қорытынды ұсынылып, қаржылық тәртіп пен мемлекеттік ресурстарды тиімді басқаруды қамтамасыз етуге ықпал етеді.

- Мемлекеттік қызмет істері департаментінің ресми деректеріне сәйкес, облыс көлемінде мемлекеттік мекемелердің іссапарлар саны өте көп. Бұл дегеніміз облыста өткізілетін іс-шаралардың көптігі ме? Осы мәселе бойынша тексеру комиссиясы тарапынан қандай да бір тексеріс жүргізілді ме?

- Иә, аталған деректерге сәйкес, бірқатар аудандарда іссапар шығыстарының көлемі жоғары екені анықталған. Атап айтқанда, Аягөз, Абай және Ақсуат аудандары бойынша көрсеткіштер салыстырмалы түрде басым. Дегенмен іссапарлардың көп болуы әрдайым іс-шаралардың санына ғана байланысты дегенді білдірмейді. Сондықтан мұндай шығыстарды бағалау барысында формалды емес, мазмұндық және себеп-салдарлық талдау жүргізіледі.

Тексеру комиссиясы жүргізетін мемлекеттік аудит барысында іссапар шығыстары да міндетті түрде қамтылады. Аудиторлар мекеменің бухгалтерлік есеп деректерін, қаржылық құжаттарды, төлемдердің негізділігі мен заңдылығын, қаражатты басқарудың тиімділігін зерделейді. Мысалы, қызметкерді іссапарға жіберу үшін міндетті түрде тиісті бұйрық немесе өкім қабылданыуы тиіс. Іссапарға бағыт қайтқан жұмысшы іссапар кезіндегі қаржылық шығындары туралы есеп және растайтын құжаттар ұсынады. Бухгалтер ұсынылған құжаттардың дұрыстығын, шығыстардың белгіленген нормативтерге сәйкестігін тексергеннен кейін ғана есеп айырысу жүргіzedі. Осы процесінің барлық кезеңдері - бұйрықтың болуы, шығыстардың құжатпен расталуы, есептеулердің дұрыстығы - аудит барысында толық қамтылады. Кейбір жағдайларда іссапарға жіберу туралы тиісті бұйрық ресімделмей тұрып төлемдер жүргізілгені, не болмаса іссапар шығыстарының жеткілікті негіздемесіз өтелгені анықталады. Іссапар шығыстары құрамына тәуліктік ақы, тұрғын үйді жалға алу, жол жүру билеттері, сондай-ақ жанар-жағармай шығындары енгізіледі. Мұндай жағдайда шығындардың шынайылығы мен қызметтік мақсатқа сәйкестігіне күмән туындайды.

Егер іссапар формалды сипатта болып, нақты қызметтік қажеттілікпен расталмаса немесе құжаттық рәсімдеу талаптарын сақталмаса, бұл бюджет қаражатын тиімсіз немесе негізсіз пайдалану ретінде бағалануы мүмкін. Мұндай фактілер анықталған жағдайда, тексеру комиссиясы бұзушылықтарды жою, негізсіз төленген қаражатты бюджетке қайтару және жауапты тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы нұсқамалар береді. Қажет болған жағдайда, материалдар уәкілетті органдарға жолданады.

Осылайша, іссапар шығыстары тек қаржылық көрсеткіш ретінде ғана емес, басқарушылық тәртіп пен ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін сипаттайтын маңызды индикатор ретінде қарастырылады.



АБАЙ

## БӨЛІМ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Аудан әкімі Мейірман Серікбосынұлы аудандық қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімнің ғимаратына арнайы барып, мекеменің жұмыс барысымен танысты.

Аудан әкімінің орынбасары Д.Амангелдинмен бірге бөлімнің күнделікті қызметін қарап, жылу қазандығының жұмысын тексерді. Нысанның жылумен қамтылуы мен техникалық жағдайына ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар, ғимараттың материалдық-техникалық базасы зерделеніп, бөлім басшысы, майор Д.Зурмановтың ұсыныс-пікірлері тыңдалды.

Кездесу барысында мекеменің жұмысын жетілдіру бағытындағы мәселелер талқыланып, тиісті тапсырмалар берілді.

АҚСУАТ

## ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Ақсуат ауданы әкімдігінде аудан басшысы Еркін Кәдірбекұлының төрағалығымен аппарат мәжілісі өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасары, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы, бөлімдер мен мекеме басшылары, ауылдық округ әкімдері мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Жиын барысында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, 2026 жылғы қаңтар айындағы көрсеткіштер, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, инвестициялар мен бюджеттің орындалу барысы талқыланып, алдағы кезеңге арналған жұмыс бағыттары айқындалды. Сонымен қатар көктемгі су тасқынына дайындық мәселесі қаралды. Жауапты мамандар гидротехникалық құрылыстардың жай-күйі, қардың қалыңдығы, су арналарының тазартылуы және қауіпті аймақтардағы су тасқынының алдын алу жұмыстары туралы ақпарат берілді.

Жиын қорытындысында аудан басшысы жауапты сала басшылары мен ауыл әкімдеріне су тасқынының алдын алу және қауіпсіздік шараларын күшейтуді міндеттеді.

ЖАҢАСЕМЕЙ

## АТА ЗАҢ ЖОБАСЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Жаңасемей аудандық Мансап орталығында жаңа Конституция жобасын талқылауға арналған кездесу өтті. Іс-шараға аудандық мәслихат төрағасы Ермек Абилямажинов, Жаңасемей аудандық коалиция мүшелері қатысты.

Кездесу барысында Конституцияның негізгі баптары мен енгізілетін өзгерістер таныстырылды. Сондай-ақ референдумның маңызы, оның ел дамуы мен қоғамды жаңғыртудағы рөлі кеңінен талқыланды.

Аудандық мәслихат төрағасы Ермек Абилямажинов конституциялық өзгерістердің мемлекеттік басқаруды жетілдіруге, азаматтардың құқықтары мен жауапкершілігін арттыруға бағытталғанын атап өтті. Коалиция мүшелері алдағы саяси нақанның тарихи мәніне тоқталып, орталық мамандарын белсенді азаматтық ұстаным танытып, референдумда дауыс беруге шақырды.

Жиын соңында орталық мамандары еферендумға қатысуға ниетті екендерін жеткізді.

## БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

Жаңасемей ауданы Жастар ресурстық орталығының мамандары Мұқыр ауылында оқушылармен және ата-аналармен кездесу өткізді.

Кездесу барысында жастарға арналған «Жасыл ел», «Жастар тәжірибесі», «Дипломмен – ауылға», «Алғашқы жұмыс орны» жобалары, сондай-ақ «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына өтінім беру жолдары түсіндірілді. Бағдарламаларға қатысу шарттары, талаптары мен мүмкіндіктері нақты мысалдар арқылы түсіндіріліп, жастарды белсенді болуға шақырды.

Кездесуді Жастар ресурстық орталығы директорының міндетін атқарушы Еркеназ Айтқожа жүргізді. Ол өз сөзінде жастардың ел болашағындағы рөліне тоқталып, мемлекет ұсынған мүмкіндіктерді тиімді пайдалану туған жердің дамуына серпін беретінін атап өтті. Мемлекеттік бағдарламалар жастар үшін үлкен мүмкіндік екенін, сол мүмкіндікті тиімді пайдалану маман ретінде қалыптасуға, алғашқы жұмыс тәжірибесін жинауға жол ашатынын атап өтті.

СЕМЕЙ

## ҮЗДІК ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚШЫЛАР АНЫҚТАЛДЫ

Абай облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы мен Абай облысының тоғызқұмалақ федерациясының ұйымдастыруымен 15 және 17 жастағы жасөспірімдер арасында облыстың жеке-кей біріншілігі өтті.

Жарысқа Мақаншы, Бесқарағай, Аягөз, Ақсуат аудандары мен Семей қаласынан 50-ге жуық ойыншы қатысты.

Тартысты өткен бәсекеде ойыншылар классика, рапид және блиц түрлері бойынша өзара мықтыны анықтады.

«Тоғызқұмалақ – халқымыздың сан ғасырлық мұрасы, ой мен зердені шыңдайтын зияткерлік мектеп. Жыл санап ұлттық ойын ойнаушылар саны артып келеді. Облыстың жеке-кей біріншілігінде ойыншылар жоғары деңгейдегі шеберлік пен төзімділік танытып. Жетімпаздар Ақтау қаласында өтетін ел чемпионатына жолдама алды,- дейді Абай облысы бойынша тоғызқұмалақ федерациясының атқарушы директоры Жарас Исханов.

АБАЙ

## «ДИПЛОММЕН - АУЫЛҒА»: ЖАСТАРҒА БЕРІЛГЕН МҮМКІНДІК

**Ауылдық елді мекендерді білікті кадрлармен қамтамасыз ету – мемлекет саясатының маңызды бағыттарының бірі. Осы ретте бірнеше жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан «Дипломмен - ауылға» бағдарламасы жас мамандарға үлкен мүмкіндік беріп, олардың туған жеріне оралып, еңбек етуіне жол ашуда.**

Ай-Керім ЖАҚЫП,  
«Semei tañu»

Аталған бағдарлама бойынша өткен жылы Абай ауданына 50 жас маман келген болатын. Оның ішінде 24 маман білім саласына, 9-ы денсаулық сақтау саласына, 3-і спорт саласына, 7-і агроөнеркәсіп саласына келсе, 6 маман жас қызметке орналасқан. Жас мамандардың барлығына 100 АЕК, немесе 432 500 теңге көлемінде көтерме жәрдемақы берілді. Сонымен бірге 10 маманға тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік несиелер берілген. Бұл жастардың ауылда тұрақтап қалып, еңбек етуіне жасалған нақты қолдау екені сөзсіз.

Осындай қолдаудың игілігін көріп, туған жеріне қызмет етуге келген жас маманның бірі – Темірұлан Шаяхметов.

Темірұлан Серікұлы 1995 жылы Қарауыл ауылында дүниеге келген. 2011 жылы Қарауыл гимназиясының 9-сыныбын аяқтаған соң, Д.Қалматаев атындағы медициналық колледжге оқуға түсті. Колледжді аяқтаған соң Семей мемлекеттік медицина университетінде білімін жалғастырып, 2020 жылы бакалавр дәрежесін алса, 2022 жылы «Жалпы тәжірибелік дәрігер» мамандығы бойынша интернатураны тамамдады. Өз мамандығын жауапкершілігін терең сезінген Темірұлан 2022–2025 жылдары анестезиология-реаниматология (ересектер және балалар) бағыты бойынша резидентураны аяқтады.

Еңбек жолын 2017 жылы, студент кезінде облыстық Жедел жәрдем ауруханасында санитар қызметінен бастаған Темірұлан Серікұлы



2018-2022 жылдары осы бөлімде аға мейіргер болып еңбек етті. 2024-2025 жылдары жансақтау бөлімшесінде дәрігер-реаниматолог қызметін атқарды. 2022–2025 жылдары сонымен қатар «Авиценна» жоғары медициналық колледжінде арнайы пәндер оқытушысы болып, болашақ медицина мамандарын даярлауға да үлес қосты.

2025 жылдың қазан айынан бастап Абай аудандық ауруханасында дәрігер анестезиолог-реаниматолог қызметін атқарып жүр. Жас маман

## ӘКІМ СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

**Ақсуат ауданының әкімі Еркін Ескендіров Семей қаласында М.Әуезов атындағы педагогикалық колледж жанындағы «Ес-Аймақ» рухани орталығында студент жастармен кездесу өткізді. Кездесу шаһардағы жоғары оқу орындары мен колледждердің басшылары, оқытушылары да қатысты.**

Еркежан ҚАЙСА,  
«Semei tañu»



Маңызды басқосуда Еркін Ескендіров ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, алдағы жоспарлар туралы айта келіп, мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы, жастарды қолдау шаралары, жұмыспен қамту және баспанамен қамтамасыз ету мәселелері жөнінде жан-жақты ақпарат берді. Ауылға білікті де білімді кадрлар ауадай қажет екенін атап өткен аудан басшысы жас мамандарды туған жерге келіп, оның өркендеуіне үлес қосуға шақырды.

– Ауылға келген жастарға барынша қолдау көрсетіледі. Біз олардың алаңсыз еңбек етіп, өсіп-өркендеуіне барлық жағдайды жасауға дайынбыз, – деді Еркін Кәдірбекұлы.

Іс-шара барысында бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Аудан әкімдігінің өкілдері білім беру, спорт, әлеуметтік қызмет, жұмыспен қамту және өзге де салалар бойынша жұмыс орындарын ұсынды.

Кездесу барысында аудан әкімі М.Әуезов атындағы педагогикалық колледж директоры Шағангүл Жаңаеваға «Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына сіңірген еңбегі үшін» тесбелігін табыстап, білім беру саласындағы еселі еңбегіне алғыс білдірді.

Сонымен қатар оқуда үздік нәтиже көрсетіп, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысып жүрген бірқатар студенттерге ноутбуктер мен алғыс хаттар табыс етті. Бұл жастарды ынталандыруға бағытталған шаралардың бірі.

Жиында Сасан би атындағы орта мектептің директоры Ақжол Мендіғалиев пен Сәтбаев ауылдық округі әкімдігінің бас маманы, жас мемлекеттік қызметкер Ердаулет Мұратоллаев сөз сөйлеп, жастарды ауылға келіп еңбек етуге, ауылдың дамуына үлес қосуға шақырды.

Кездесудің соңы Ақсуат мәдениет үйі өнерпаздарының арнайы дайындаған концерттік бағдарламасына ұласты. Мұндай кездесулер жастар мен білік арасындағы байланысты нығайтып, болашақ мамандардың бағыт-бағдарын айқындауға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

## БОРОДУЛИХА

**Семей қаласында қазақтың жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 180 жылдық мерейтойына орай дзюдо күресінен облыстық ашық біріншілік өтті. Рухани мерекенен астасқан спорттық дода татами үстіндегі тартысты сәттерге толы болды.**

## «BAYYR» намысты қолдан бермегі



Жасөспірімдер арасында дзюдо спортын кеңінен насихаттауды мақсат еткен жарысты Балалар мен жастардың шығармашылық сарайы ұйымдастырды. Дүбірлі додаға 2013–2014 және 2015–2016 жылдары туған жасөспірім ұлдар мен қыздар – барлығы 10 команда қатысып, 150-ге жуық жас дзюдошы жеке-жеке

ең биік сатысына көтерілді. Ал 32 келі салмақта күрескен Кенжеғали Батырхан күміс жүлдені қанжығасына байлады.

Бұл – жас спортшылардың тынымсыз жаттығуы мен еңбегінің жемісі. Сонымен қатар дзюдо бөлімінің балкери Қ. Байболовтың кәсіби шеберлігі мен жүйелі дайындығының нәтижесі екені анық.

Жас дзюдошылардың жетістігі қатарластарына үлгі болып, олардың спортқа деген қызығушылығын арттыра түскені анық. Дзюдо – тек күш сынасу емес, ол тәртіп пен табандылыққа, қайсарлық пен жауапкершілікке үйретін тәрбие мектебі.

«BAYYR» клубы патриоттық тәрбиеге басымдық бере отырып, болашақ чемпиондарды даярлау жолында жүйелі жұмысын жалғастыруда. Бүгінгі жеңіс – ертеңгі үлкен белестердің бастауы. Жас спортшылардың бұл жеңісі – аудан спорттың өркендеп келе жатқанының дәлелі. Алдағы уақытта да дзюдошылар аудан намысын абыроймен қорғап, жаңа асуларды бағындырады деген сенім мол.

Ш.ДОСКЕЕВА

## ЖАРМА «АЙГӨЛЕК» – БАЛАЛАРДЫҢ РУХАНИ ЖАН СЕРІГІ

**Балалар әдебиеті мен шығармашылығына қанат бітіріп, жас ұрпақтың рухани серігіне айналған «Айгөлек» журналы жуырда 25 жылдық мерейтойын кең көлемде атап өткен болатын.**

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,  
«Semei tañu»

Ширек ғасыр бойы бала жүрегіне жол тауып, талай жас дарынның талабын ұштаған басылымның мерейтойы – барша оқырман қауымның ортақ қуанышы.

Жарма ауданының Шар қаласындағы Т.Көбдіков атындағы орта мектептің 3-сынып оқушысы Сәзім Ерікқызы мен сынып жетекшісі Жаннұр Шалқарқызы мерейтойлық кештің куәсі болып қайтты.

Мерекелік кеш барысында балалар түрлі сайыстарға қатысып, өз өнерлерін көрсетуге мүмкіндік алды. Т.Көбдіков атындағы орта мектептің үздік те өнерлі оқушыларының бірі Сәзім Ерікқызы да сайысқа қатысып, жүргізуші ретінде өзін сынап көрді. Сахнада өзін сенімді ұстап, көпшілік алдында еркін сөйлеген Сәзім диққиясымен, жинақылығымен көрерменнің көңілін жаулап алды.

Осындай ауқымды шарара қатысу – бастауыш сынып оқушысы үшін үлкен жетістік. Мұндай рухани кештер жас өркеннің шығармашылық қабілетін шыңдап қана қоймай, оның өзіне деген сенімділігін арттырады. Ал ұстаз үшін шәкіртінің жетістігін көру – зор мақтаншын. Жаннұр Шалқарқызының жетекшілігімен



Сезім талай байқаулар мен мәдени шараларда белсенділік танытып келеді. Мерейтойлық кеште шәкіртінің өзін жүргізушілік қырынан көрсете білуі де сол еңбектің жемісі.

Болашағынан зор үміт күтіретін Сәзім Ерікқызы алдағы уақытта биік белсенділік танытып келеді. Мерейтойлық кеште шәкіртінің өзін жүргізушілік қырынан көрсете білуі де сол еңбектің жемісі.

Болашағынан зор үміт күтіретін Сәзім Ерікқызы алдағы уақытта биік белсенділік танытып келеді. Мерейтойлық кеште шәкіртінің өзін жүргізушілік қырынан көрсете білуі де сол еңбектің жемісі.

Мерейтойлық кеш «Айгөлектің» достары үшін шабыт пен қуаныш сыйлаған басқосу болды.



Х.СӘТИЕВ



**ЖАҢАСЕМЕЙ**

**Жаңасемей ауданы әкімі Озерки ауылының тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады. Ашық форматта өткен қабылдауға келген азаматтар өздерін толқандырған бір-қатар өзекті мәселелерді көтерді.**

**ТҮРҒЫНДАР МӘСЕЛЕСІ НАЗАРДА**



Еркежан ҚАЙСА, «Semei tanu»

Қабылдау барысында тұрғындар ең алдымен жұмыссыздық мәселесін көтеріп, ауылда шағын кәсіпкерлікті дамытуға қатысты ұсыныстарын жеткізді. Атап айтқанда, шаштараз, тігін цехы сияқты қызмет көрсету салалары бағытындағы кәсіп түрлерін жолға қою арқылы жаңа жұмыс орындарын ашуға болатынын айтты. Сонымен қатар интернет желісінің сапасы мен байланыс тұрақтылығын жақсарту мәселесі де назардан тыс қалмады.

Аудан әкімі әрбір өтінішті мұқият тындап, көтерілген мәс-

елердің өзектілігіне тоқталды. Кәсіпкерлікті дамыту бағытында мемлекеттік бағдарламалар аясында берілетін қолдау тетіктері түсіндіріліп, гранттар мен жеңілдетілген несиелер мүмкіндігі туралы ақпарат берілді. Интернет сапасына қатысты мәселе жауапты мекемелермен бірлесіп қарастырылып, тиісті жұмыстар жүргізілетіні және бақылауға алынатыны айтылды.

Кездесу соңында аудан басшысы тұрғындармен кері байланыс тұрақты түрде жалғасатынын атап өтіп, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған жұмыстар кезек-кезеңімен жүзеге асырылатынын жеткізді.

**ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ**

**Жаңасемей ауданының Озерки ауылында Жаңа Конституция жобасын түсіндіруге арналған кездесу өтті. Ауылдағы мектеп ұстаздары қатысқан жиында ел дамуының жаңа кезеңіне жол ашатын құжаттың мәні терең түсіндіріліп, жобадағы басым бағыттар талқыланды.**

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei tanu»

Іс-шараны Жаңасемей ауданы жастар орталығы директорының міндетін атқарушы Еркеназ Айтқожа жүргізіп, ұстаздармен ашық форматта пікір алмасты. Кездесу барысында ұсыныстар айтылып, ой-пікірлер ортаға салынды.

Жиын барысында Жаңа Ата Заңның жобасында адами капиталды дамытуға, білім мен ғылымды қолдауға, инновациялық бастамаларды ілгерілетуге айрықша мән берілгені атап өтілді. Мемлекеттің басты құндылығы адам екені айтылып, сапалы білім беру, зияткерлік әлеуетті арттыру және жастарға тең мүмкіндік жасау стратегиялық міндет ретінде айқындалғаны түсіндірілді.

Сонымен қатар экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселесіне де ерекше назар аударылды. Қатысушылар «Таза Қазақстан» бастамасының маңызын атап өтіп, қоршаған ортаны қорғау тек заң талаптарымен шектелмей, азаматтық жауапкершілік пен мектепте алған тәрбиеге байланысты екенін атап өтті. Ұстаздар жастардың экологиялық ақпаратқа белсенді қатысуы туған жерге деген жанашырлықтың көрінісі екенін де айтты.

Кездесуді қорытындылаған Еркеназ Айтқожа қатысушыларды елдегі өзгерістерге бейжай қарамай, өз пікірін білдіру үшін референдумға қатысуға шақырды.

Мұндай басқосулар қоғам өкілдерінің көзқарасын ескеруге, ортақ ұстаным қалыптастыруға және азаматтардың белсенділігін арттыруға ықпал етеді.



**Жаңасемей ауданында 2013-2014 жылдары туған кіші жасөспірімдер арасында бокстан ашық турнир өтті. Спорттық бәсекеге көршілес өңірлерден келген жас боксшылар да қатысып, өзара мықтыны анықтады.**

**БОКС ТУРНИРИ ӨТТІ**



Турнир барысында әртүрлі салмақ бойынша тартысты жекпе-жектер өтіп, қатысушылар өздерінің техникалық дайындығы мен тактикалық шеберлігін паш етті.

Көрермендер үшін бұл жарыс нағыз спорт мерекесіне айналып, боксүйер қауым жас спортшылардың қайсарлығына куә болды. Әсіресе финалдық кездесулер

жоғары қарқынмен өтіп, жанкүйерлердің ерекше ықыласына бөленді. Жекпе-жектер барысында жас боксшылар соңына дейін тайсалмай, жеңіске деген жігерін көрсетті. Төрешілер алқасы әрбір спортшыға әділ баға беріп, жарыс талаптарына сай жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтады.

Жарыс қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен спортшылар медальдармен, дипломдармен және арнайы сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар белсенділік танытып, тартысты жекпе-жек көрсеткен бірқатар қатысушыларға алғыс хаттар табысталды.

Бұл турнир мен үшін үлкен тәжірибе болды. Рингке шыққанда толқығаным рас, бірақ бапкерімнің айтқан ақылын еске алып, бар күшімді салдым. Қарсыластарым мықты болды, әр раунд мені шыңдай түсті. Алдағы уақытта бұдан да жоғары деңгейдегі жарыстарға қатысып, жақсы нәтиже көрсетуге тырысамын, – дейді жас спортшылардың бірі.

Еркежан ҚАЙСА, «Semei tanu»

Турнирдің негізгі мақсаты – жасөспірімдердің жарыс тәжірибесін арттыру, спорттық шеберлігін шыңдау, оларды облыстық және республикалық деңгейдегі жарыстарға дайындау, сондай-ақ бұқаралық спортты дамыту.

Жарыстың ашылу салтанатында ұйымдастырушылар жас спортшыларға естелік тілеп, бокс спортының жас буындар тәртіпке, табандылыққа және төзімділікке тәрбиелейтін атап өтті.

**ҮРЖАР**

**КӘСІПКЕРЛІККЕ СЕРПІН БЕРГЕН БАҒДАРЛАМА**



**Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған бағдарламалардың бірі – «Ауыл аманаты». Бұл бағдарлама Үржар ауданында жемісті жүзеге асырылып, тұрғындардың тұрмысын түзеуге, кәсіпкерлік саланы дамытуға зор мүмкіндік беріп отыр. 2023 жылдан бері ауданда 70 жоба қаржыландырылып, 80-нен астам жаңа жұмыс орны ашылған.**

Ай-Керем МАҚЫШ, «Semei tanu»

Бағдарламаның игілігін көріп отырған тұрғындардың бірі – Сайлауғұл Сағатбекова. Бестерек ауылында тұратын ол бағдарлама арқылы жеңілдетілген несие алып, жартылай дайын өнім өндіру цехын іске қосқан болатын. Бүгінде өз ісі өрге басқан кәсіпкер үш ауылдасын тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

2023 жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша жартылай дайын өнім өндіру цехын ашу мақсатында 4 млн теңге несие алды. Алғашында тұшпара өндіруді қолға алды. Уақыт өте келе өзге де жартылай дайын өнімдерді өндірісімізге қостық. Өнімдерімізді дүкенімізде, өзге дүкендерде саудалап отырмыз. Сұраныс өскен сайын өнім түрлерін де арттырып келеміз. Қазіргі күні 13 түрлі өнім өндіреміз. Болашақта кәсібімізді кеңейту жоспарымызда бар. Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау бізге үлкен демеу болды, – дейді ауылдастарың таза, табиғи өніммен қамтып отырған кәсіпкер.

Өндіріс орнында дайындалатын өнімдер сапа талаптарына сай өзгерілеп, аудан тұрғындарына қолжетімді бағамен ұсынылады. Мемлекеттік бағдарламаның игілігін көрген кәсіпкер алдағы уақытта өндіріс көлемін ұлғайтып, өнім түрлерін көбейтуді жоспарлады.

Жалпы, Бестерек ауылында «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 6 жоба жүзеге асырылыпты.

2023 жылы бағдарлама аясында, тұшпара цехынан бөлек, ірі қара мал өсіру бағытындағы 5 жобаға 19,7 млн теңге бөлінді. Шаруалар 40 бас ірі қара, 9 жылқы сатып алып, өсіріп отыр. Құзырлы мекемелер тарапынан қаржының мақсатты пайдаланылуына бақылау жүргізілуде. Бағдарлама ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға айтарлықтай үлес қосты, – дейді ауыл әкімі Данияр Сағанаев.

**Елдің әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және аумақтық дамуына тікелей әсер ететін маңызды факторлардың бірі – көші-қон үдерісі. Елімізде жүзеге асырылып жатқан «Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аудару» бағдарламасы өңірлердің еңбек ресурстарын теңгеруге және халық санын арттыруға мүмкіндік беріп отыр.**

**ЕЛГЕ ЕЛ ҚОСЫЛСА – ҚҰТ**

Ай-Керім ЖАҚЫП, «Semei tanu»

Аймағымыздағы ірі аудан саналатын Үржарда бүгінде 40 мыңнан астам тұрғын бар. Өңірге қоныс аударушыларды тарту барысында бұл бағдарлама өз жемісін беріп отыр.

Өңірлік квотаға сәйкес, биыл ауданда 40 адамды қоныстандыру көзделіп отыр. Оның ішінде 25-і қандастар болса, 15-і өзге өңірлерден қоныс аударушылар. Былтыр аталған бағдарлама аясында 20 отбасы, жалпы саны 45 адам Қытай Халық Республикасынан, 4 отбасы, 19 адам Алматы және Жетісу облыстары мен Астана қаласынан ерікті түрде көшіп келді. Олардың барлығына тиісті төлемдер мен көмек түрлері көрсетілді, – дейді Үржар ауданы Мансап орталығының директоры Бауыржан Амиргалинов.

Бағдарлама аясында қоныс аударушыларға мемлекет тарапынан нақты қаржылай қолдау шаралары қарастырылған. Атап айтқанда, көшуге бір реттік 70 АЕК көлемінде материалдық көмек беріледі. Сонымен қатар ауылдық жерде тұрғын үйді жалға алу және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу шығыстары отбасы құрамына байланысты 15 АЕК-тен 21 АЕК-ке дейін төленеді.

Бұдан бөлек, қатысушыларға тұрғын үй сатып алу мүмкіндігін арттыру мақсатында 1625 АЕК, яғни 7028125 теңге көлемінде экономикалық ұтқырлық сертификаты қарастырылған.

2025 жылы 18 отбасыға көшу шығындарын өтеу мақсатында 14 312 480 теңге көлемінде материалдық көмек берілді. Сонымен бірге тұрғын үйді жалдау және коммуналдық қызметтерге жұмсалатын шығындар отбасы құрамына сәйкес бір отбасыға ай сайын төленіп отыр. Экономикалық ұтқырлық сертификаты бойынша 3 отбасыға 10 349 620 теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетілді, – деді аудандық Мансап орталығының мәлім жазыра Рысбекқызы.

«Елге ел қосылса – құт» демекші, бұл бағдарлама өңірдің еңбек нарығын дамы-



туға, халық санын көбейтуге және ауылдық елді мекендердің әлеуметтік тұрақтылығын нығайтуға ықпал етуден қатар, тарихи Отанын аңсаған қандастарымыздың атамекенге оралуына мүмкіндік беріп отыр. Бағдарлама арқылы атамекенге бет бұрғандардың бірі – Ниязбек Ершат пен Жібек Сапиянның отбасы.

Олар 2024 жылы Қытай Халық Республикасынан Ақжар ауылына қоныс аударған. Мемлекеттік қолдау шаралары толық көрсетіліп, 3,5 миллион теңге көлемінде экономикалық ұтқырлық сертификаты арқылы тұрғын үй сатып алған. Қазіргі таңда Жібек Сапиян ауылдағы «Үкілі» асханасында аспаз болып еңбек етіп жүр.

Мемлекеттік бағдарлама арқылы тарихи отанымызға оралғанымыз үшін, киелі топырағына табан тірегіміз үшін бағдарлама арқылы атамекенге бет бұрғандардың бірі – Ниязбек Ершат пен Жібек Сапиянның отбасы.

Мемлекеттік бағдарлама арқылы тарихи отанымызға оралғанымыз үшін, киелі топырағына табан тірегіміз үшін бағдарлама арқылы атамекенге бет бұрғандардың бірі – Ниязбек Ершат пен Жібек Сапиянның отбасы.

Мемлекеттік бағдарлама арқылы тарихи отанымызға оралғанымыз үшін, киелі топырағына табан тірегіміз үшін бағдарлама арқылы атамекенге бет бұрғандардың бірі – Ниязбек Ершат пен Жібек Сапиянның отбасы.

Мемлекеттік бағдарлама арқылы тарихи отанымызға оралғанымыз үшін, киелі топырағына табан тірегіміз үшін бағдарлама арқылы атамекенге бет бұрғандардың бірі – Ниязбек Ершат пен Жібек Сапиянның отбасы.

Мемлекеттік бағдарлама арқылы тарихи отанымызға оралғанымыз үшін, киелі топырағына табан тірегіміз үшін бағдарлама арқылы атамекенге бет бұрғандардың бірі – Ниязбек Ершат пен Жібек Сапиянның отбасы.



**ЖАРМА**

**БЕРЕКЕЛІ ЖӘРМӨҢКЕ**

Өткен сенбіде Семей қаласындағы «Северный» сауда-логистикалық орталығы аумағында Жарма ауданының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрмеңкесі өтті. Шараға Аршалы, Ақжал, Үшбiкi, Капанбұлақ және Қарасу ауылдық округтерінің шаруалары қатысып, қала тұрғындарына экологиялық таза өрі сапалы өнімдерін ұсынды.

Жәрмеңкеде негізінен ет өнімдері сатылымға шығарылды. Қой еті 2800 теңгеден, жылқы еті 3000 теңгеден, сиыр еті 3200 теңгеден саудаланды. Жәрмеңкедегі бағаның нарықтағыдан төмен болуы қала тұрғындары үшін тиімді болса, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін өз өнімдерін тікелей тұтынушыға жеткізуге мүмкіндік береді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай жәрмеңкелер ауыл мен қала арасындағы байланысты нығайтып, жергілікті тауар өндірушілерді қолдауға бағытталған. Сонымен қатар тұрғындарды қолжетімді бағадағы табиғи азық-түлікпен қамтамасыз етуге ықпал етеді.

**ЖАҢА ТЕХНИКА ТАРТУ ЕТТІ**

Қаратөбе ауылдық округіне EIAMAN group компаниясының демеушілігімен жаңа трактор сыйға берілді.

Жаңа техника ауылдағы көктемгі және күзгі науқан кезінде, сондай-ақ абаттандыру, жолдарды күтіп ұстау, коммуналдық жұмыстарды жүргізу барысында үлкен көмек болмақ. Ауыл тұрғындарының айтуынша, мұндай заманауи техника – ауыл тұрғындары үшін аса қажет өрі уақтылы берілген көмек.

Техниканы табыстауға арналған іс-шараға аудан әкімінің орынбасары С.Сәтбеков қатысып, демеушілік танытқан азаматтарға алғыс білдірді. Жиын барысында аталған компания тарапынан ауыл балаларына сыйлықтар да табысталды.

Ауыл жұртшылығы осындай игі бастамаға ұйытқы болған EIAMAN group компаниясына ризашылықтарын жеткізіп, кәсіпкердің бастамаларына табыс тіледі.

**КӨКПЕКТІ**

**«ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАП ЖАРЫСАЙЫҚ!»**

Көкпекті ауданында «Жақсылық жасап жарысайық!» атты эстафеталық акция бастау алды. «Жақсылық жасау – жарыс емес, жүректің ісі» деген қағиданы ту еткен жастар акция аясында ардагерлерге, көмекке мұқтаж жалғыз басты қарттарға көмек көрсетеді.

Ігі бастаманы алғаш болып аудан орталығы Көкпекті ауылының жастары қолға алып, нақты іспен үлгі көрсетті. Еріктілер ауылдағы жалғыз басты қарияның ауласындағы қарды шығарып, үй аумағын қоқыстан тазартып, отын жарып, қолғабыс жасды.

Бұл бастама – үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету сияқты ұлттық дәстүріміздің жарқын үлгісі. Жақсылық жасауды жас буын осылайша өзгелерге өнеге көрсетіп, қоғамда мейірім мен жанашырлық сыйды адами қасиеттерді насихаттауда.

Эстафеталық акцияны Көкпекті ауылының жастары көршілес Үлгілімалшы ауылының жастарына жолдап, игі істі жалғастыруға шақырды.

**ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ**

Көкпекті ауданында терроризмге қарсы комиссия жұмыс тобының кезекті отырысы өтті. Аудан әкімінің аппарат басшысы, комиссия төрағасы Дархан Дюсембаевтың төрағалығымен өткен жиынға ауылдық округ әкімдері онлайн форматта қатысты.

Отырыста Биғаш, Қ.Аухадиев және Үлкенбөкен ауылдық округтері әкімдері атқарылған жұмыстар туралы баяндады. Аталған округтерде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, дини ахуалды тұрақтандыру, жастар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу бағытында іс-шаралар жүзеге асырылған.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Рахымбаев пен жергілікті полиция қызметінің басшысы Ж.Разаев та есеп берді.

Жиынға қатысушылар мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды нығайту, әлеуметтік желілердегі мониторинг жұмыстарын күшейте, «төуекел топтарындағы» азаматтармен жеке профилактикалық жұмыстарды жандандыру мәселелерін қозғанды.

Отырыс соңында комиссия мүшелері мен қатысушылар алдағы кезеңге нақты тапсырмалар алды. Жауапты мекемелерге профилактикалық іс-шараларды жүйелі жүргізу, ведомстволарлық байланысты нығайту, жастармен жұмысты күшейту міндеттелді.

**ҮРЖАР**

**ҚАУІПТІ АУМАҚТАР БАҚЫЛАУДА**

Аудан әкімі Ақылбек Башимбаев Абай облысы Төтенше жағдайлар департаментінен келген жұмыс тобының комиссия мүшелерін қабылдады.

Жұмыс тобы қауіпті аумақтарға шолу жасап, қардың еруі мен өзен-көлдердегі су деңгейінің көтерілуіне байланысты туындауы мүмкін қауіптердің алдын алу шараларын пысықтады. Іс-шараға аудандық мекеме басшылары, төтенше жағдайлар бөлімі мен прокуратура өкілдері, «AMANAT» партиясының аудандық филиалы, сондай-ақ аудан әкімдігі аппаратының төтенше жағдайлар жөніндегі бас маманы да қатысты. Жиын барысында жауапты құрылымдардың өзара іс-қимыл алгоритмі нақтыланып, дайындық жұмыстарының барысы талқыланды.

Жұмыс қорытындысы бойынша тиісті мекеме басшыларына тапсырмалар беріліп, көктемгі су тасқынының алдын алу, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және материалдық-техникалық дайындықты күшейте міндеттелді.

**КӨКПЕКТІ**

**БАСПАНА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ**

**Жуырда аудан әкімі Нұрбек Қошқарбаев жұмыс сапарымен Үлгілімалшы ауылына барды. Сапар барысында өткен жылдың желтоқсан айының соңында орын алған өрт оқиғасынан кейін қалпына келтірілген тұрғын үйдің жай-күйімен танысты.**



Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei tanu»

Өткен жылдың желтоқсан айының соңында Үлгілімалшы ауылындағы екі пәтерлі тұрғын үйдің шатыры толықтай өртеніп кеткен болатын. Тіпсіз жау салдарынан баспананың негізгі бөлігі де жарамсыз күйге түскен еді. Бұл оқиға тек үй

иелеріне ғана емес, бүкіл ауыл тұрғындарына ауыр тиді. Осы қиын сәтте ауыл азаматтары бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, зардап шеккен отбасыға қолдау көрсетті. Көпшіліктің қаржылай көмегімен қажетті құрылыс материал-

дары алынды. Демеуші де табылып, тұрғын үйді қалпына келтіруді өз мойнына алды.

Жеңдеу жұмыстары кезек-кезеңімен жүргізілді. Ең алдымен үйдің шатыры қайта жабылып, зақымданған бөліктері толықтай ауыстырылды. Ішкі өрлеу және қалпына келтіру жұмыстары да жүргізілді. Құрылыс барысында жауапты мамандар жұмыстың уақтылы әрі талапқа сай орындалуын, қауіпсіздік талаптарының сақталуын тұрақты бақылауда ұстады. Ауыл халқының ауыр зорлықпен қарқасында қысқа мерзім ішінде баспана толық қалпына келтіріліп, тұрғындар өз үйлеріне қайта оралуға мүмкіндік алды.

Аудан әкімі осындай қиын-қыстау кезеңде қол ұшын созған барша ауыл тұрғындары мен демеушілерге алғыс білдірді.

«Бірлік бар жерде тірлік бар» дейді халқымыз. Бұл оқиға бірлік пен татулық болған жерде кез келген қиындықты еңсеруге болатынын тағы бір мәрте дәлелдеді. Ел тыныштығы мен ауыл амандығы бәрінен қымбат, – деді аудан басшысы.



– Ертең саған барып жолықсам, өте тығыз әңгіме бар. Бір сағаттай уақыттыңды қи, – деді бағғыдағы университеттегі ұстазым. Дауысы зілді.

– Келіңіз, аға, күтпеймін, – деп елп ете түстім.

– Сағат он бірде сенде боламын, – деді де телефонның өшіре салды.

Бектасов дегенде бүкіл студенттер жым болушы еді, керемет қатал, ешкімге иілмейді. Сымныңқыры пышақтай, аппақ жейде, жалтыраған туфли қандай еді, шіркін! Кезінде ірі қызметтердің тізгінін ұстаған бұл ағамыз ректор да болған, одан министрге дейін өскенінде бір шатаққа іліксе керек. Бөрінен тұттай айырылып, әйтеуір әзер-әзер аман қалып, біздің университетке профессор болып орналасқан шағы екен.

Кішкентай ғана мекеменің кішкентай басшысымын, әйтеуір жеке кабинетім бар. Дәл айтқан уақытында кабинетіме кіріп келді. Амандасып, хал-жағдай сурасын жаттырмыз.

Сұңғақ бойлы сымбатты жігіт еді, уақыт қоя ма, кішірейіп, еңкіш тартыпты. Толқын-толқын қап-қара шашын артқа сілкіп тастап, сөйлеп бір кеткенде бүкіл аудитория тым-тырыс, ұшқан шыбынның ызырыя естілмейтін. Міне, қазір сол бұйра шаштан жұлым да жоқ, күздегі жел жыққан шөмедей сиреген, түгел ағарып кеткен басына қарап кәрілік бұл кісіге де жеткен екен-ау деп ойладым.

Иә, одан бері бақандай қырық туфль зуылдап өте шығыпты-ау...

Хатшы қызға шай алдырдым.

– Сенімен амандасайын деп арнайы келдім. Ішім толған шер мен зар. Сен зейінді шәкіртіңсің ғой. Айтпасам жарылып кетермін – деп кеудесін керейің ұра күрсінгенде бетіне быжылаған өрмекшінің торындай әжімдер қаптап кетті. Қос қолдап басын сығымдап ұстап отырды да, маған тесірейі қарады кеп.

– Тоқетерін айтайыншы... Сен мені қарттар үйіне өткіз! Қолың ұзын, дәреже-беделің бар, таныстарың жетеді. Саған айтар тілек-аманатым – осы.

Айтқанына сенер-сенбесімді білмей ақсақалға бақырая қарап қалдым.

Дүркіреген ректор, министр, кейінгі кездегі аптап шілдеде қаһарланса қар жаудыратын дүркіреген профессор Бектасов қалай ғана қарттар үйіне бармақшы?

– Мен сексен тоғыздамын. Ұзақ жас – ұзақ сол секілді адамды әбден қажытады екен. Қазір сыртым бүтін болғаныммен, әшейін қаушып құр сүлдем жүр. Бұл дүниенің адамы емес, жәй жүрген саяхатшы секілді мең-зең мәңгіріп қалдым. Қатарымның бәрі кетті, тілдесер, сырласар жан жоқ. Өткен өмірімді еске алсам, ішім ұдай ашиды. Тәтті өмірдің сурауы қатты. Желмен жарысып, өз көлеңкеңді қуып жете алмайсың!.. Солай, қарғарым...

– Аға, шынымен, дом престарелыққа бармақшымысыз? – деп орысша араластырып қайта сұрадым.

– Некуда иди! Бәрім өзім құртыл!.. – дегенде байқанды профессордың екі-үш тісі жоқ, жағы қушып, өлген тауықтың жүніндей қасы түп-түгел апақ.

– Жүріңіз, аға бір жерге барып шай ішіп отырып асықпай әңгімелесейіңкі, – дедім.

Бағғыдағы офицер секілді тіп-тік, сарт-сұрт жүретін сырбаз жігіт ағасын енді сүйемелдеп әзер түрегелтті. Даңғұр-даңғыры басылмайтын Алматыда тойхана, асхана дегенің соңғы жылдары қаптап кетті. Өзбектің «Киш-миш» деген кафесіне кіріп, жеке бөлме алдым.

– Қанағат шырағым, басыңды қатырып қайтем. Тәтті дәурен атқан оқтай зу етіп өте шығыпты. Көрікті, келбеті болу да адамды бұзады екен. Әйтеуір қыз-келіншектердің жанында суға жүзген балықтай емір-еркін болып, айдарымнан жел есіп, қылымсыған небір сұлұлар құшағына құлап түсетін. Өп-әдемі әйелім – медик, бір ұл, екі қыз тауып берді. Бірақ мен дуаланған бейбақпын, қыз-келіншек қуып кеттім. Қайран әйелім, талай мәрте ұстап алса да балаларымыз үшін кешіре-кешіре, жүрек талмасы ұстайтын димкөс болды. Адам ес-түстен адаспасын де, өзім құралас ойнақтаған бір жәдігей бәле жатып жыбысып, бала-шағамды тастап қалай соның қолына кіріп алғанымды білмей қалдым. Ол кезде шалқыған ректорымн, жаңағы албастыға орталықтан үш бөлмелі үй алып бердім. Бұрынғы байларымнан қалған екі қызы бар, соның үлкенінің атына жаздырып алды. Одан әрі есіп айхай министр болғанымда жәдігей бәле «жырасамын» деп дігір салды. Зұлымды – сұрқияның досы, оның бәр арманы үйлі болу екен. Сымптитып дипломаттымен ғана қуып шықты-ау...

Ақшалы еркек қартаймайды, одан кейін бұл аға екі мәрте үйленді, қаншама у-ду сұлқымдарға буда-буда жиған-тергенімді шаштым десеңші!.. Өстіп жүргенде алғашқы бәйбішем қайтыс болып кетіпті. Естітім, бірақ жерлеуіне бара алмадым, барғым келмеді. Мейірімін жоғалтқан жан – кісілігін де тұттай айырылады. Қайран асыл жарым-ай!..

Балаларына: «Әкеңе қараңдар, өкенді сыйлаңдар, оған өкпелемеңдер...» – деп айта-айта аманаттап кетіпті ғой...

«Көп асқанға – бір тосқан» демекші, арақ деген жындысуға үйір болып, қызметімен қуылдым, тіпті бір қағаздарға қызулықпен қарамай қол қойып жіберіп, сотталып кете жаздап, әзер құтылдым. Университетке профессор болып орналастым, біраз жыл сыбай-салтаң бойдақ боп жүріп қалдым. Жас келіп қалғанда бұлқысыған

отызға жетпеген алтындай сары шашты, сазандай топ-толық, дөңгеленген орыс келіншекпен әмпей-жәмпей болып, ақыры соның бір бөлмелі үйіне кіріп алдым. Алты жасар сарыүрпек ұлы бар, күйеуі сотталып кетіпті.

Жазғы демалысымда әйелімнің төркініне – Волгоградқа артынып-тартынып барып қайттық. Ескі ағаш үйде тұратын кәрі әке-шешем мен бауырларымен танысып, самагон, брага іштік, дидарына көз жетпейтін шалқыған Волгаға шомылып, бау-бақшасына көмектесіп, күнге күйіп, қараторыланшы шыға келдік. Әшейін ішерге тамағын әзер тауып отырған бейшараларға барынша көмектестім, жиһаз, тоңазайтқыш, теледидар сыйлады, әрқайсысына: «Сауып, сүтін ішіндер деп базардан сиыр сатып әпердім.

Мәз-мейрам боп: «Лида, мына профессор күйеуіңнен айырылма. Молодец ол!» – деді бәрі қайтарымызда келіншегіме табыстап, мені сілепкейлеп жағалай сүйіп шығарып салды.



(Әңгіме)

## БЕТОРАМАЛ

– Аға, тамақтан алсаңызшы... Тағы не заказ берейік? – дедім. Бектасов толқып, дауысы дірілдей әңгімесін әрі жалғай түсті.

– Қойынымда сары алтын емес, сары-ала бас улы жылан жатқанын қайдан білейін... «Жаным, жаңа үй алайық, мына жалғыз бөлме тар ғой бізге» деп айналдырған соң орталықтан жаңа салынған биік ғимараттан төрт бөлмелі үйді келіншегімің атына сатып әпердім. Сөйтіп жүргенде жүрегімің талмасы ұстап, Кардиология ауруханасынан бірақ шықтым. «Инфарк жүрекше қалақшасы жөнді істемейді» деп төсімді айырып, операция жасады. Наркоз беріп, кеудемді тілгілеп тастаған, есімді жиһаз ауыз-мұрныма түтікшелер тығып қойған.

Кеше ғана түлпардай секіріп жүрген Бектасов ауруханадан кәужіреген мүгедек болып шықты. Екі ай санаторийге жіберді. Одан қайта ауруханаға жатқызды. Күнде азанда алдымен дәрі шеміні. Түйір дәрт жұтпасам жатқанда ұйықтай да алмайтын хәлге жеттім. Екінші топтағы мүгедек болып, дәріхана мен ауруханадан шықпайтын болдым. Келіншегім Дубайда демалып, құлпырып келді.

Ең соңғы жиған-тергеніме төрт бөлмелі үй әпердім емес пе? Баяғыдай шалқып жүрер ақшам жоқ, дәрі-дәрмегіме жетер-жетпес қалт-құлт етіп жүргенде Лидам сойқанды салды. «Түрмедегі күйеуім шығып келді, сонымен қайта қосыламын, бала да сонікі», – деп үйден сүмірейтін қуып шықты. Не деген сұрқия, қаншыер десеңші! Төрт бөлмелі үйді сықырлатып толтырып қойдым, астына су жаңа машина да әпердім емес пе!..

Барар жер, басар тау жоқ, бас мәңгіріп, көшеде қаңғырып қалдым. Қаладағы арзанқолдау қонақүйде бір айға әзер шыдадым, ас-су ішу керек, қасыма өңкей кебеже қарын алқаштар түнейді, түні бойы жын-ойнақ. Есенгіреп, есім кетіп жүргенде тұңғыш қызым Балқия іздеп келіп, тауып алды.

Екеуіміз ұйғыр асханасынан лагман жеп, көк шай ішіп отырып кезек-кезек көзімізді сығып, өксіп алысамыз. Қыз дегеннен айналайын, нағыз жанашыр солар ғой. Қызметімнің буына ісіп-кеуіп жүргенімде бұларды мүлде естен шығарып, ұмытып кеттім емес пе?!.

Қызым шабаданымды көтеріп, Кеген ауданында тұратын үйіне алып қайтпақ болды. Қара қатқақ әзірейілдей қақылдаған қара күз, бұлыңғыр дала, қарабураша қабат-қабат түнерген бұлттар да толғақ қысқан әйелдей теңселеді. Қалтырап дірілдеп денемді суық қармап автобуста да жылына алмай-ақ қойдым. Кегенге жеткенше жылбысы жаңбыр жылады да тұрды. Ары қарай тау ішінде ауылына тағы автобус күттік, кеш түскен сәтте ғана қоныз секілді ескі автобусқа мініп, иірқыр жолмен қиядан-қияға, өрге қарай ызылдап көтеріле бердік.

Екі белдің ортасындағы дөңесте орналасқан шағын ғана ауыл. Жауынға малшынып шет көшедегі шаңырағына малмандай су болып еңгіп, сан тоқтап әзер жеттім-ау...

Екі бөлмелі саман ескі үй, төрт баласы шешесін бас салды. Күйеубала жекеменшік сиыр бағады екен, ол да су-су болып киімдерін ортадағы темір пешке келтіруде. Шыжылдатып, бы-

жылдатып қызым ас әзірледі. Аласа дөңгелек үстелге қойған дастарқан-дағы тағамды жауша жапырып, кеспе қуырдақты сыпырып-сыпырып жеп тауыстық.

– Балаларым ашығып қалыпты ғой! – деді қызым қысылып. Күйеу баланың қабағы ашылмайды, көп сөзге жоқ, терлеп-тепшіп шай ішісімен қисая кетіп, қорылдап ұйқыға басты. Көз қызуым көтерілді, төрт бала кезек-кезек жылайды, бұрышта үйді көшірердей ысқырып-пысқырып барып, жуан қорылға ұласатын күйеу бала билік етпейді. Таңға дейін көз іле алмадым, күйіп-жанып барам, қалшылдап-дірілдеп бірде – өлердей жаураймын да, сәлден кейін қайта пысынап бүкіл тұла бойым оттай жанып, ыстықтап алаурап кетемін. Ақыры шыдай алмай далаға шықтым, бүкіл әлем бозаң тартқан, үлпілдеп әппақ қар жауып тұр.

Үйге қайта кіре бере құласам керек, есімді түк білмеймін. Жедел жәрдем шақырыпты, ол келгенше санды-

незі морт. Ақыры төсекке таңылды. Үйге шақырып көрсеткен таныс дәрігерім жеке сөйлесіп: «Балаңыз жаман ауруға шалдыққан, енді емдеуге кеш, асқынып кеткен», – деп айтқанда маңдайымнан балғамен ұрғандай есеңгіреп қалдым.

Аппамсадай ірі денелі Темірім жүдеп-жадап шөміп, құр сүйегі саудырап содан кейін алты ай бойы құр сүлдесі қалып, жатты да қойды. Өз ауруымды ұмытып, жалғыз тал ұлымың асты-үстіне түсіп қараумен болдым. Түк дәрі ішпейді, укол салдырмайды. Қуарып-сазарып қара су ғана ұрттап екі көзі жауғандық сұлқ жатқанын көргенде жүрегім парша-парша болады-ау...

– Балам, қалайсың? – деймін.

– Жақсы, папа, – дейді кезерген ер-нің әзер қимылдатып.

Құр жаңқа қу сүйек боп, өз қолым-да жан тапсырды. Бүкіл қаба сақалдылар қаптап, ай-шайға қарамай жүгіре көтеріп, сол күні-ақ жерлеп тастады.

Үйге жан адам кіргізбейді, ас дайындаптайды, тек құран оқытады. Жалғыз тал ұлымын да айырылдым. Енді бәйбішем мен балам жатқан қос бейітке жұма сайын барып, торығып-толғанып, зарланып ішкі запыранымды ақтарамын. Бәріне өзін кінәлімін, міне, енді олар тып-тыныш мәңгілік меке-нінде жатыр. Ал мен сүмелек аш тазыдай әлі сүйретіліп жүрмін, әдейі «орлықтың бар азабын тарт» деп тастап кеткендей, мәңгіріп жүрдім де қойдым. Астапыралла, десеңші содан кейін бар ғой мен бар ауру-дәрттен құлантаза жазылып шыға келдім. Мендегі барлық сырқатты балам алып кеткен екен ғой...

Айлар алмасып, жылдар жылжып өтіп жатты. Өз қанымнан туылған ұрпағым – немерелерім мүлде жат, бөтен. Зінгіттей боп есіп, сақал-мұрттары едірейген олар менімен мүлде сөйлеспейді, тасбиқытарын сылдырлатып басқа әлемде жүр. Бүгінгі күнге қанша айтып, жалынсамда мойындарын бұрғыза алмай зарландым ғой. Олар – зындандағы заһар тіршілікке дуаланған пенделер, ештеңеге селт етпейді. Баламның қырын да, асын да бергізбеді, бірде-біреуі бейітке де бармады-ау, шіркіндер! Екі үлкен немерем қабат үйленіп, үйге хиджаб киген екі келін түсірді. Тар шалбар киген сақалдылардың қыздары екен.

Шошаладан кетуіме тура келді, жас жұбайлардың бірі соған кіріп алған соң мен Астанаға – кенже қызым-дікіне тарттым.

Жібек жанушырып қарсы алғанымен, күйеу балам жақтырмады. Екі бөлмелі үйінде енесі, күйеуі, үш баласы жәнә күйеу баламның байдан қайтып келген қарындасы бір ұлымен тұрып жатыр екен. Бұл қаланың жазы аптап қапырық, бармақтай қалың масасы тұн баласы шабуылдап маза бермейді, қысы үскірік боран. Көшеге шықсаң боздаған қара желі сүйегіңнен өтеді. Бір жылдай у-шу еткен шаңыраққа әзер шыдап, келер жазда Алматыма қайтымын. Барар жер, басар тау жоқ, бағы ұлымдікіне келдім, сүмірейіп. Төсек салып сыртқы сарайға орналастырды. Сарайдың бір бұрышында тоқал тарғыл сиыр малжандап бұзауымен байлаулы тұрады, екінші бұзатиде мен жатамын. Әйтеуір пенсиям бар, өзіме жетеді. Ешқайсысы мені жақтырмайды, мен бір жатқан алжыған кәрі төбет секілді, анда-санда келіндерім тамақ әкел береді. Ортақ үйдегі дастарқанына да шақырмайды.

Сарайдың бір шетін реттеп, жөндеп, картонмен бөліп қысқа қарай электр пеш қойдыртып алдым. «Құдай-ай, неге мені алмайсың», – деп қарғанамын. Неге мені осынша ит қорлыққа салып қойдың? Бәйбішем мен ұлымның қос бейітне барып жалынғып-жалбарынам, бүкіл шерімді айтып, тарқатамын...

– Аға, тамақтан алмадыңыз ғой. Мына науатпен көк шай ішіңізі, – деп шынысына шай құйды. Ол бір ұрттады да, меңірейіп, бір қауым уақыт сілеп-ііп отырып қалды.

– Қанағат қарағым, жалықтырып, шошытып алғаным жоқ па?

Алжыған шалдың мылжыңы демессің... Енді ақырына дейін тыңда. Заман бұзылды ма, адам бұзылды ма? Тірі жүре берген соң, небір сойқан сорақыны көре береді екенсің. Бір күні

төрт немерем мен жатқан сарайға кіріп кеп тізіліп тұра қалды. Тұңғыш немерем бірден сөз бастады.

– Ата, өзіңіз білесіз, менің де, мына інімнің де үш-үштен баласы бар. Енді мына соңғы екі інімді үйлendirmeкшіміз. Мына сарайды бұзып, тез арада екі бөлмелі там салып алуымыз керек, – деді қауағдай аузы-мұрынын басқан сапсифан сақалын сипап.

– Мен қайтемін? – дедім немереле-ріме жауғандық қарап.

– Оны да ойластырдық. Сізді қарттар үйіне өткіземіз, – дегенде тасте-бемнен таспен ұрғандай тілім аузыма сыймай шөкііп отыра қалдым.

Атаң нәлет, осы босағада неге өліп қалмадым. Ендігі өмірім не болмақ? Бағғы Болатбай бидің ұрпағы Бектасов деген ректор, министр болған декей ел-журтына, бала-шағасына сыймай қарттар үйінде жатыр дейтін болды ғой. Қарабет болдым, қасірет қой бұл.

– Ата, құжаттарыңызды дайындаңыз. Алхамдулла, келесі аптада апарып тастаймыз, – деді де төртеуі тізілген қалпы шығып кетті. Амал жоқ, Алматыдағы Момышұлы көшесіндегі қарттар үйін барып көрдім. Екі адамға бір бөлме, дәрі-дәрмегің көтерген медиктер жүгіріп жүр. Тап-таза. Тек бұл жерге жатуға кезекке тұрады екенсің, осында жатуға арыз жазған кемпір-шалдар көп, үш-төрт жылсыз мүлде орналаса алмайтынымды айтып бастығы сөзбен сылап-сипап шығарып салды.

Талғар қаласындағы қарттар үйіне барып көрсем, бұл – жекеменшіктікі, ақша төлейсің. Ескі барак үйлерде бір бөлмесінде бес-алты кәужіреген кәрілер ыңқылдап жатыр. Астана түбіндегі төрт қабатты қарттар үйінде қазақтар аз. Көбісі – басқа ұлт. Ұсқынысз алқаш, бомждар шетінен. Не істеймін? Тұңғышым Балқияның жеті баласы бар, кенже қызым әлі үйі кеңейте алмай жүр. Күйеу бала араққа салынып, жұмыстан шығып қалыпты.

Сордан арылмаған тайқы маңдайымды тоқпақтап не істерімді білмеймін. Қайда, кімге барамын? Қанағат, шәкірттерімің ішінде зейіндісі едің. Ойлап-ойлап саған келуді жөн санадым. Сен горсобестің бастығына мені алып кір, Алматыдағы дом престарелхқа орналастыр, шырағым. Осы тілегім, аманат саған!

Даяшымен еспешот айрылысып далаға шығысымен горсобестің бастығына қалта телефонмен хабарластым. Жұмысыңда отыр екен: «Келіңіз», – деді. Қазір кез келген мекемеге кіру – қияметтің қылкөпірінен өтуден әрмен қиын. Сыртқы есіктегі полицейден өтіп, үшінші қабаттағы күзетші терлеп, бастыққа әзер кірдік. Өз-өзінен шаршап отырған, жасына жетпей кемпір боп кеткен бастық әйел көздірігінің астымен сүзіле қарап, әңгімеді тоқтатып тастап.

– Ол жерге жатуға мыңнан астам кезекте тұр. Өр тосқан сайын арнайы комиссия кезек бойынша кімді жатқызатынын шешеді. Қарттар үйіндегі өлген, кеткендердің орнына соларды жатқызамыз, – деді әңгіме бітті дегендей қос алақанын жайып.

Пушкин көшесімен төмен қарай жүріп келеміз. Ойы, сөзі бұзылмаған, құлағы да естиді. Бұл бейбақ сормандай қарияға өбден қиын болды-ау...

– Кәужереп құр сүйегі қаңсыған қақсаған тірі өлік мен сіліптік кімге керекпің, а? Жүрегім өртеніп тұр. Өзімің қаным ғой дейтіндер тасжүрек, қатыгез боп кетіпті. Зауал ғой бұл. Бәріне өзін кінәлімін! Тек қана өзім! Өткен, шіркін, өмірімді қайта бастасам ғой... Өттең-ай!.. Торығып, өкінемін, бәрі кеш, – деп ол кеудесін жара күрсінді. Автовокзалға апарып, таскисге ақшасын төлеп, үйіне дейін жеткізіп салуын тапсырдым.

– Қарағым, Қанағат, айып етпе! Сені шаршаттып жібердім бе? Атаның назары жығылғанымен, сен сияқты асыл інімнің базары тарқамасын. Мә, мына беторамалды алшы. Қанша қауқалып жүрем дейсің, сыртым – бүтін, ішім – шер. Олай-бұлай боп кетсем кім маған жыртыс таратады. Мынау сол жыртысым, – дегенде Бектасов ағайдың көзі суланып, дауысы дірілдеп кетті.

Біздің елде пайғамбар жасынан асқан кісі қайтқанда қойғаннан кейін бейіт басында құлаш кездеме жыртып, «жыртыс» деп тарататын. Кейінгі жылдары жыртыс деп, осындай беторамал үлестіретін салтқа айналды.

Қалтамдағы бар ақшамды беріп:

– Аға, қош боп тұрыңыз. Хабарласамын, телефон шалып іздеп тауып аламын сізді, – дедім жүрегім қан жылап. Қайран ұстазым-ай, десеңші! Тамағына ыстық өксік тығылды. Зар илеп, запыран құсып жүрген қария мінген такси көзден таса болғанша сілейіп қарадым да тұрдым.

Заман апалаң-топалаң болып, індет жайлап, карантинге қамалып үйде жатқанда мұрттай ұшып ауырып, ауруханаға түстім. Ілдалдалап жазылып үйге шығып келген соң, жиналып қалған газеттерді ақтарып қарап отырып селк ете түстім. Кезінде ректор, министр болған профессор Хамит Бектасовтың қайтыс болғанына орай көңіл айту беріліпті.

Семкеме салып қойған әлі бүктеуі жазылмаған сол кезде жыртысым деп берген беторамалды: «Иманды бол, аға!» – деп бетіме баса бердім, искей бердім...

ҒҰМЫРДАРИЯ

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

«Қарты бар үйдің қазынасы бар» дейді дана халқымыз. Алайда көп жасау бір басқа да, ақсақалдыққа лайықты ғұмыр кешіп, қазыналы қария атану бір басқа. Өкінішке қарай, тағылымы мен парасатын танытып, ақылшы болып, айналғасына мейірім шуағын шашып жүрген қарттарымыздың қатары сиреп барады. Ал сол азың ішінде саналы ғұмырын ел дамуына арнаған, өмірі өнегемен өріліп, адамгершілік болмысымен көпшіліктің ілтипатына ие болған жандар қашанда құрметке лайық. Осындай ардақты азаматтардың бірі - облыстың сауда саласында ұзақ жылдар бойы лауазымды қызметтер атқарып, бүгінде тоқсанның төріне шығып отырған Ұзақбай Омарұлы Мұқашев.

«Менің ауылдастарымды» Оқығаннан кейін...

Ұлылар елінің ұнарағы - Абай облысына тарайтын «Semei tañy», «Вести Семей» газеттерін ұзақ жылдар бойы үзбей оқып келеміз. Бүгін менің қолымда басылымның биылғы жылдың 16 және 23 қаңтары күндері шыққан №4 және №6 сандары. Бұл сандарда журналист Риза Асанқызының «Менің ауылдастарым» атты әлеуметтік очеркі жарияланды. Көптеген оқырманның көңілінен шыққан (сеніммен айтып отырмын) бұл очеркті өз басым үлкен қызығушылықпен, ынтымамен екі мәрте оқып шықтым. Газетті жауып қоя салуға қимай, қолыма қалам алып, автор толғаған ойды әрі қарай жалғастыруды жөн санадым. Шынында да, уақыттың қалай өткенін байқамай да қалыппыз. Балалық шақ, жастық кезең, оқу, қызмет, бала тәрбиесі... бәрі өткен шақтың еншісінде қалды. Десеңіз санамазда сақталған дүниелер аз емес. Ең бастысы - бәріміздің ауылда өсіп, ауылдан түлеп ұшқанымыз. Бүгінгі өңгімеіміздің өзегі де - осы. Ұш-төрт ауылдас басымыз қосыла қалса, «есіңде ме...», «білесің бе, сол көршіміз...» деп, ауылымыз, ауылдастарымыз жайлы талай өңгіме тиегің айтатымыз. Сол сәтте теледидар да, телефон мен смартфон да жайына қалады.

Очеркке қайта оралсақ, Осындай тақырыпты тауып, оны жүрек сүзгісінен өткізіп, әбден пісіріп оқырманға ұсынудың өзі - үлкен батылдық. Бұл - журналистік ізденістің нәтижесі, «үңсіз өткен ғұмырларға қойылған қарапайым ескерткіш».

Очеркті оқи отырып, әр жолына еріксіз үңілесің. Иә, ауыл туралы өңгіменің жөні бөлек. Әр ауылда, ата-әжелеріміз бен әке-аналарымыздан кейін, өз Райхандары, Рахилалары, Рәтәй, Бақыт, Жәкпендері, Кәмелі, Рауазысы, Мариясы болды. Әрқайсысы әр ауылда өмір сүрсе де, тағдырлары ұқсас еді. Бөле-жара айтатын ештеңе жоқ: бала-шаға, үй шаруасы, дала жұмысы, мал күтімі, қорақопсы, бау-бақша, күнкөріс... Автор айтқандай, «бір-бірімен туыстай болып кеткен көршілердің қуанышы да, қайғысы да ортақ болатын».

Автордың тіл байлығы, ой ұшқырлығы, байқағыштығы оқырманды бейжай қалдырмайды. Менің назарымды аударғаны - журналистің шығармашылық қуаты. Бұл салада жүргендер оқырман хаттарын оқи отырып, бірде қуанып, бірде ренжиді - әртүрлі жағдай болады. Ал өздеріне келгенде, «жақсы сөз - жарым ырыс» екенін ұмытып, көбінесе үңсіз қалатыны рас. Айтайын дегенім - автордың қаламынан көлемді, мағыналы шығарма туған. Кейіпкерлердің болмысын ашудағы дәлдік, өмірге берген бағасы - соның дәлелі. Мәселен, «қазақ ауылының әйелі өз тағдырын көбіне талқыламайды, таласқа салмайды. Оның көнбестігі - көну емес, ішкі тақапарлық» деген ойдың өзі қаншама мағына береді. Немесе: «қазір өткенге ой жүгіртсем, ол өз өмірім емес (Рәтәй апасы - автор), өзгенің өмірін түгендеп жүріпті...». Міне, бір шаңырақтың ғана емес, тұтас ауылдың тарихын арқалап өткен жанның бейнесі. Автор айтқандай, дәл осындай әйелдердің арқасында ауыл аман қалды.

Тағдыр, болмыс... күнделікті тіршілік, бала тәрбиесі, жоқтан бар жасап, дастарқан жаю, үйлендіру, ұзату, үлкенді сыйлау, түсіну, тыңдай білу, сабыр сақтау - мұның бәрін өмірдің өзі үйреткен. Автор осының бәрін жіліктеп, көп нәрсенің бетін ашып, оқырманға үлкен рухани сый жасады. Бұл - батырлар галереясы, бұл - өмір мектебі.

Сабырлы, өмірдің қадірін түсінетін, үлкенге құрмет көрсете білетін жастарымыз көп болса екен дейсін. Өкінішке қарай, Шерхан Мұртаза айтқандай, өйтеуір, «бір кем дүние».

Полигон туралы да өте орынды айтылған, оның өзі бір тақырып... Айтар ой көп, бірақ автордан асып сөйлеу мақсат емес. Дегенмен бір ұсыныс бар: осындай шығармашылық дүниелер жиі жарық көрс. Өйткені, автордың өзі айтқандай, бұл - жоқтау емес, бұл - ауыл тағдыры.

Бүгінде ауыл туралы өн көп. Бірақ ауылға деген сағыныштан да маңыздысы - ауыл адамдарына деген құрмет, оларды ұмытпау, түсіну, іздеп бару. Бұл - үлкен тарихты білу, тағылымын алу деген сөз. Тақырыпты терең аша білген авторға алғыс айтқым келеді. «Бұл - ескерту», - деп аяқтайды ол очеркті. Бұл ескерту тек полигон жаралаған бесіктер үшін ғана емес, тұтас ауыл үшін ескерту деп қабылдануы керек. Өйткені сөз АУЫЛ туралы. Сөздің қадірі де осында.

Зоя БУЛАНОВА, Үржар ауданының Құрметті азаматы, Үржар ауданы

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР ИЕСІ



үшін үлкен бөлмедей болып еді.

Ұзақбай Омарұлының отбасында төрт перзент дүниеге келді. Тұңғышы Сәуле Ұзақбайқызының мамандығы - дәрігер, Семейдің жедел жәрдем ауруханасының эндокринология бөлімінің меңгерушісі. Майя мен Дамира есімді қыздары әке жолын қуып, сауда саласында еңбек етеді. 1968 жылы дүниеге келген ұлы Қайрат Ұзақбайұлы Семейдің педагогикалық институтын тамамдаған.

Отбасында балаларға қатал тәрбие берілді. Ұлы мен қыздары жауапкершілік, мейірімділік пен шынайылық сияқты асыл қасиеттерді бойларына сіңіріп өсті. Зоя апамыз шаңыраққа келген әрбір қонақты жылы қабақпен қарсы алып, лайықты құрмет көрсетті. Ұзақбай аға да жұбайына әрдайым ілтипат танытты. Түрлі демалыс, сауықтыру орындарына апарып, Алматының көктемгі бәйшешектерін сыйға тартып отыратын.

Ұзақбай Омарұлы салауатты өмір салтын берік ұстанады. Болмысы қарапайым, тірлігі тұнық. Осы уақытқа дейін шылым шегіп көрмеген ағамыз таңғы жаттығуларын үзбей жасайды. Қазір саяжайында немерелерін тәрбиелеп, шөберелерін күтіп жүрген жайы бар.

Айналасына мейірім шуағын төгіп, жана-шырлық танытып жүретін Ұзақбай Омарұлы туған жерінің есіп-еркендеуі үшін аянбай еңбек етті. Рым Байгонысов, Тұратай Сүлейменов, Иван Афанасьевич Шерин, Жәкен Сугралин, Чимбулат Уразбаев, Қанат Смағұлов, Ғазиза Құрманғалиев сынды өмір жолында жолыққан жаны ізгі азаматтарға әрдайым ризашылығын білдіріп отырады.

Ұзақбай Омарұлы, Сіз мәнді де мағыналы ғұмыр кешіп, 90 жастың сапалы биігіне көтеріліп отырсыз. Өскелең ұрпаққа бағыт-бағдар көрсете білдіңіз. Осындай аға буынның өнегелі істерін үлгі етіп, тағылымы өмір жолынан қуат алған талай ұрпақ азамат болып қалыптасты. Сан мыңдаған ұрпақ даңқты ежелердің адами қасиеттерін бойына сіңіріп, дәстүр сабақтастығымен кейінгі буынға аманаттап келеді. Өмір соқпақтарында өзінен кейінгі толқынға адами болмысымен, кесек істерінің үлгі бола білген аға ұрпақ өкілдерін құрмет тұту - халқымызға тән қасиет. Халқымыз қашанда артыңның қадірін, ақсақалын ардақтаған. Сіз де үлкеніңізді із қалдырып, ақсақал атауға әбден лайықты ғұмыр кештіңіз. 90 жастың биігіне абыроймен шығып отырсыз. Бүгінгі мерейтойыңыз жарқын да өнегелі өміріңіздің жемісі іспетті.

Құрметті Ұзақбай Омарұлы! Сізді 90 жас мерейтойыңызбен және Зоя апамызбен отасқандарыңызға 67 жыл толуымен құттықтаймыз! Өміріңіздің жалғасы - ұрпақтарыңыз бен жақындарыңыздың ортасында ақылшы болып, аман-есен отыра беруіңізге тілектеспіз. Сіздей өмірден түйгеніңіз мол қазыналы қарияның тәжірибесі, ақыл-кеңесі жас буын үшін әрдайым қастерлі құндылық болып қала бермек. 90 жасыңыз құтты болсын!

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ

ЕРІКТІЛЕР АКЦИЯСЫ

РАМАЗАН АЙЫНДАҒЫ ІЗГІ ІС

Еріктілер акциясы - қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілікті арттырып, мұқтаж жандарға қолдау көрсетуге бағытталған игі бастама. Акцияның негізгі мақсаты - әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға нақты көмек көрсету, мейірімділік пен жанашырлық сынды адами қасиеттерді көңінен насихаттау.

Абай облысы бойынша Мемлекеттік қазынашылық департаментінің басшысы Мұқтар Төлегенұлының бастамасымен Еріктілер акциясы аясында әлеуметтік жауапкершілікті нығайтуға бағытталған қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында жалғызбасты ана мен екі мүмкіндігі шектеулі баласы бар мұқтаж отбасыға қолдау көрсетілді.

Департамент қызметкерлері отбасының тұрмыс жағдайымен танысып, қажетті азық-түлік пен күнделікті тұрмысқа қажетті заттарды табыстады.

Қасиетті рамазан айында жасалған бұл игі іс - ұжымның бірлігі мен жауапкершілігінің, қоғамдағы әлеуметтік осал топтарға деген жанашырлығының айқын көрінісі.

А. МУКАТАЕВА, Абай облысы бойынша Мемлекеттік қазынашылық департаменті басшысының орынбасары



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

ТІЛ МЕРЕЙІ - ЕЛ МЕРЕЙІ

Әлемдегі тілдердің нақты санын анықтау мүмкін емес. Бір деректерде тілдердің саны 10 мыңға жуық деп көрсетілсе, басқалары 7 мың немесе 6 500 тіл бар деп жазады.

Ал әлемде сөйлеушілер саны 100 мыңнан асатын небәрі 100-ге тарта тіл ғана бар екен. 10 млн-нан көп адам сөйлейтін тілдердің саны 40-қа жуық екен. Қуанышқа орай, сол 40 тілдің қатарында қазақ тілі де бар, ал бұған дейін ол әлемдегі 71 ірі тілдің қатарында саналатын.

Қазақ тілі түркі тілдері ішінде сөздік қоры ең бай тілдердің бірі ғана емес, сонымен қатар әлемдегі ең таза тілдердің бірі болып саналады. Сөз қорының 60 пайызы түркілік түбірлі сөздерден тұрады. Түркі тілдері арасында таралуы бойынша қазақ тілі үшінші орында, түрік және өзбек тілдерінен кейін келеді.

Тіліміздің мәртебесі - еліміздің мәртебесі. Ана тілімізді құрметтеп, бағалай білсек, еліміздің өңесі де биік болады. Тіл - әрбір ұлт үшін қастерлі құндылық. Сондықтан әрбір адам өз ана тілін көзінің қара-

шығындай қорғауға, оның бұрмалануына жол бермеуге тиіс.

Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, «Қазақ тілі - халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламаттың бейтеңі». Елін, жерін сүйген әр азаматтың көкірегінде мемлекеттік тілге, ана тіліне деген мақтанш сезімі болуы керек.

Көп ұлтты мемлекетте қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуін қамтамасыз ету - күрделі мәселе. Дегенмен қазіргі таңда басқа ұлт өкілдерінің қазақ тілін меңгеруге деген қызығушылығы артып келе жатқанын байқап жүрміз.

Әр адамның азаматтық қасиеті салт-дәстүрді сақтауымен, туған жерін сүюімен, ана тілін білуімен өлшенеді. Тілге деген жанашырлық күнделікті өмірде көрініс табуы тиіс. Туған тілдің мәртебесін көтеру - тәуелсіздігіміздің, ел бірлігінің кепілі. Туған тіл тіліміздің мерейі әрдайым үстем болсын.

Б.ЖАҚСЫБЕКОВА, Семей қаласының өкілшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

1936 жылы табиғат қайта түлеп, күн мен түн теңелер көктемнің алғашқы күнінде Семей облысы Жаңасемей ауданының Мұздыбай ауылында, Құсни мен Омар Мұқашевтардың отбасында көптен күткен сәби дүниеге келді. Ата-ананың қуанышында шек болған жоқ, себебі қазақ халқы үшін бала - өмірдің мәні, ұрпақ жалғасы. Ата-анасы перзенттері ұзақ та бақытты, мағыналы ғұмыр кешісін деген ниетпен оған Ұзақбай деген есім қойды.

Соғыс алдындағы және соғыстан кейінгі ауыр жылдар ешкімге оңай тиген жоқ. Тағдырдың ауыр соққы беретінін сезгендей, әкесі мен анасы жалғыз ұлдарына қамқор болып, ерекше мөпеледі. Бірақ, тағдырдың ісіне шара бар ма, Ұзақбай алты жасында ата-анасынан айырылып, жетім қалды. Тұрмыстың тауқыметін көп тартқан оны туған-туыстары қамқорлығына алды. Бұғанасы қатпай, жеті жасынан еңбекке араласты. Оқысын, білімсіз болмасын деген оймен туыстары оны Сергиополь қаласындағы балалар үйіне орналастырды. Ұзақбай 1946-1952 жылдары осы балалар үйінде тәрбиеленіп, үлкен өмір мектебін өтті. Жауапкершілік, ұқыптылық, адалдық сияқты қасиеттерді бойына сіңірді. Дегенмен, балалар үйінде жағдай жақсы болса да, оның жаны отбасының жылуын аңсады. Ол балалар үйінің іргесінде тұрған Қасенғазиндердің отбасына жиі баратын. Досының ағасы Халел мен оның жұбайы Бәтімәш оған жақын жандарындай болып кетті.

Тағдырдың талай сынағынан өткен Ұзақбай шаруашылықтың сан салалы жұмысын ерте меңгеріп, өмір тәжірибесін молайтты. 1953 жылы бухгалтерлер мектебін тамамдап, «Ақшатау» совхозында еңбек жолын бастады. 1955 жылы әскер қатарына шақырылып, Ауғанстанмен шекаралас Қушка қаласында Отан алдындағы борышын абыроймен өтеді. Тағдыр ерте есейткен жас жігітке әскери өмір аса қиындық туғызған жоқ. Керісінше, әскердегі тәртіпке тез бейімделіп, көз келген жағдайда байыппен шешім қабылдауды үйренді. Осы жылдары ол мақсатты адам түбінде мұратына жететінін терең түсінді.

Министрлер кеңесінің жоғары оқи орнына түсуге ниетті ол жылдық білімі бар сарбаздарды мерзімінен бұрын босату туралы 1958 жылы шыққан шешімі Ұзақбай ағаның өмір жолын өзгертті. Ол туған жеріне оралып, сауда техникумына оқуға қабылданды. Студенттік жылдары белсенділігімен көзге түсті. Оқумен қатар, спортқа ден қойып, волейболдан техникум құрамасының мүшесі болды.

1962 жылы Ұзақбай Мұқашев Семей станциясындағы темір жол мейрамханасы басшысының орынбасары қызметіне тағайындалды. 1968 жылы қалада «Север», «Дәулет» дүкендері ашылды. Ұзақбай Омарұлы №7 және №14 шаруашылық дүкендеріне жетекшілік етті. Білімні жетілдіруден жалықпайтын азамат 1972 жылы жалпыодақтық сауда орталығы институтын тамамдап, «Казмязторатор» облыстық базасының басшысы болып тағайындалды.

Ұзақбай Омарұлы сегіз жыл бойы қаланың сауда саласын басқарды. Сол кезеңде «1000 мелочей» дүкенінің ашылуына Дінмұхамед Қонаевтың өзі қатысқан болатын. 1988 жылы «Казульспорттовары» көтерме және бөлшек сауда орталықтарының директоры қызметіне тағайындалды. Кеңес Одағы ыдырап, елде тоқырау басталған қиын жылдары да ол сау-

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Семей қаласындағы №49 жалпы орта білім беретін мектепте «Талантты ардагер - талапты жас ұстаз» атты қалалық фестиваль өтті. Қалалық ардагерлер кеңесі мен білім бөлімі бірлесе ұйымдастырған бұл іс-шараға ардагер ұстаздар, жас мұғалімдер, білім бөлімі өкілдері мен қала жұртшылығы қатысты.

ҰСТАЗДЫҚ ҰЛАҒАТТЫҢ АЛТЫН КӨПІРІ

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei tañy»



Іс-шараға сондай-ақ Абай облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Әлиин, Семей қалалық білім бөлімінің басшысы Д.Асқарова, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы К.Құсманұлы, сонымен қатар кәсіподақ ұйымы мен әжелер алқасының, мәдениет және өнер саласының өкілдері қонақ ретінде шақырылды.

Фестивальдың басты мақсаты - білім саласына еңбек сіңірген ардагер ұстаздардың мол тәжірибесін жас мамандарға үлгі ету, ұрпақтар сабақтастығын нығайту, ұстаз мәртебесін арттыру. Шара барысында «Ұстаз - ұрпаққа өнеге, өмірге бағдар беретін шамшырақ» деген тұжырымның мән-мағынасы терең ашылып, ардагер мен жас ұстаздың ортақ миссиясы айқын көрініс тапты.

Салтанатты жиын рухты әндерден құралған попуримен басталды. Фестиваль шымылдығын №49 мектептің «Жұлдыз» вокалды студиясының балалар хоры ашты. Фестивальдың ашылуында сөз сөйлеген Мұратқазы Әлиин жастарға тәлім-тәрбие беруде мұндай мазмұнды басқосулардың маңызы зор екенін атап өтті. Сондай-ақ биылғы жылдың ел және әңір үшін тарихи маңызы зор жыл болып отырғанына тоқталып өтіп, Берік Уәлиұлы басшылыққа келген уақыттан бері өңірде жүйелі жұмыстар атқарылып жатқанын айтты.

Фестиваль барысында білім мен өнерді, тәжірибе мен жаңашылдықты тоғыстырған мазмұнды бағдарламалар ұсынылып, мұғалім мамандығының қоғамдағы орны, ұрпақ тәрбиесіндегі аға буынның рөлі кеңінен насихатталды. Ардагер ұс-

таздардың өмірлік тәжірибесі мен жас мамандардың тың идеялары үндескен бұл тағылымды шара қатысушыларға ерекше рухани серпіліс сыйлады.

Келесі кезекте сөз алған қалалық білім бөлімінің басшысы Дидар Асқарова ардагер ұстаздарға алғысын білдіріп, олардың мол тәжірибесі мен қажырлы еңбегі, белсенділігі мен ұйымшылдығы жас буынға үлгі-өнеге екенін атап өтті.

Ардагерлер кеңесінің жұмысымен жақсы танысып, Қызмет барысымен қай кезде барсақ та, жинақы кабинеттері мен бір мақсатқа жұмыла еңбек етіп жүрген ұйымшыл ұжымды көреміз. Үнемі тың бастамалар көтеріп, елге пайдалы істердің басы-қасында жүретін ардагерлердің қажыр-қайраты еріксіз таңғалдырады. Сол сәтте «Мен не тындырдым? Осы ардагер жасына жеткенде біз де кейінгі ұрпаққа өнеге боларлық игі істер атқара аламыз ба?» деген ой келеді. Сіздер жас ұрпақ тәрбиесіне атсалысып, ұстаздарға үнемі қолдау көрсетіп ке-

лесіздер. Сіздерге алғысымыз шексіз. Баршаңызға толағай табыстар тілеймін! - деді.

Фестиваль барысында саяхатқа қатысқан мектептер қатарында Шөкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназия, №19, 19, 42, 49 жалпы орта білім беретін мектептер, Қ.Рысқұлбеков атындағы №33 гимназия мен Ы.Алтынсарин атындағы №37 мектеп-гимназиясы бар. Әділ қазылар алқасының шешімімен бас жүлде №49 жалпы орта білім беретін мектепке берілді. I орынды №5 және №17 мектептер, II орынды №19 және №37 мектептер, ал III орынды №33 және №42 мектептер иеленді. Фестивальды ұйымдастырып, өткізуде Семей қалалық білім қызметкерлері ардагер ұстаздар кеңесінің төрағасы Серікбол Көппайұлы мен орынбасары Жанат Сембаева сынды ардагер ұстаздардың еңбегін ерекше атап өтуге болады.

«АБАІ АИМАQ MEDIA» ЖШС ұжымы әріптесіміз Жадыра Төлегенқызының әкесі Сарбосы Төлеген Саматұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақта-сып, көңіл айтады.



## ЖАСАҢДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗІНДЕГІ «ӨМІР САҒАТЫ»

**King's College London ғалымдары денсаулық сақтау саласында серпіліс жасап, адамның өмір сүру ұзақтығы мен денсаулық жағдайын болжай алатын жасанды интеллект негізіндегі бірегей «сағатты» әзірледі.**

Алайда метаболикалық жас нақты жастан төмен болған жағдайда (яғни қартаюу баяу жүргенде) бұл әрдайым мықты денсаулықтың кепілі бола бермейді. Ғалымдардың айтуынша, толық қорытынды жасау үшін қосымша зерттеулер қажет.

Авторлардың пікірінше, MileAge технологиясы профилактикалық медицинаны түбегейлі өзгертуі мүмкін. Ол денсаулықтың нашарлау белгілерін ерте анықтауға және өмірді ұзартуға бағытталған шараларды дер кезінде қабылдауға мүмкіндік береді. Болашақта мұндай «сағаттар» денсаулықты бақылауға және өмір салтын бейімдеуге арналған жеке құралға айналып, қартаюу үдерісін барынша баяулатуға көмектесуі ықтимал.

Бұл «өмір сағаттары» бізге тек қанша уақыт қалғанын білуге ғана емес, сонымен қатар сол уақытты сапалы өткізуге әрі денсаулығымызды қалыпты ұстауға мүмкіндік береді.

Қан құрамының деректерін пайдалана отырып, зерттеушілер MileAge деп аталатын метаболикалық жасты анықтау әдісін жасады. Бұл көрсеткіш ағзамыздың ішкі жүйесінің қаншалықты «биологиялық тұрғыдан жас» немесе «көрі» екенін көрсетеді.

Science Advances порталында жарияланған зерттеу аясында команда UK Biobank ұсынған 225 мыңнан астам адамның деректері негізінде 17 оқыту алгоритмін дайындады.

Жасы 40 пен 69 аралығындағы қа-

тысушылар өздерінің метаболиттерін — зат алмасу процесінде түзілетін молекулаларды — талдауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде метаболикалық «сағаты» хронологиялық жасынан озып кеткен адамдарда («дельта MileAge») созылмалы аурулар, әлсіздік және өлім қаупінің жоғары болуы жиірек кездесетіні анықталды. Сондай-ақ оларда қартаюу үдерістерімен және жасқа байланысты аурулармен, мысалы атеросклерозбен, тікелей байланысты жасушалық «қалпақшалар» — теломерлердің қысқаруы байқалған.

**БЖЗК 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарының көлемі 25,97 трлн теңгеден асты. 12 айдағы өсім 3,18 трлн теңгеге немесе 13,9%-ға өсті.**

## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР ТҰРАҚТЫ ӨСІМ КӨРСЕТТІ

2026 жылдың 1 қаңтарында міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының көлемі 24,48 трлн теңге. 12 айдағы өсімі — 11,9%.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары — 726,58 млрд теңге, 12 айдағы өсім — 11,1%.

Бір жыл ішіндегі ең үлкен өсім — 22,6% ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, олардың 2026 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша көлемі 9,73 млрд теңге.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) 2026 жылдың 1 қаңтарына 760,15 млрд теңге болды.

### Түсімдер

Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. Бір жыл ішінде салымшылардың жеке және шартты зейнетақы шоттарына 3 251,67 млрд теңге түсті, өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 16,6%-ға (немесе 462,28 млрд теңгеге) артық.

МЗЖ есебі жүргізілетін жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) 2025 жылдың басынан бастап 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін 2 659,56 млрд теңге (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 8,9%-ға ұлғайды), МКЗЖ — 133,37 млрд теңге (өсім — 17,4%), ЕЗЖ — 2,32 млрд теңге түсті. 12 айдағы ЖМЗЖ есебінен жарналар 456,42 млрд теңгені құрады.

### Төлемдер мен аударымдар

2025 жылы БЖЗК-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2 051,05 млрд теңгені құрады. Бұл былтыр жасалған төлемдер көлемінен 54,9% немесе 727,20 млрд теңгеге көп.

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер жыл бойына 24,4% ұлғайып, 01.01.2026ж. 254,13 млрд теңгеге жетті. БЖЗК-дан зейнет жасына толуына байланысты кесте бойынша берілетін орташа айлық төлем — 35 970 теңге.

2025 жылы тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) 1 254,57 млрд теңге, мұрагерлік бойынша 58,15 млрд теңге, ҚР-дан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге байланысты 43,75 млрд теңге, мүгедектігі бар адамдарға — 3,10 млрд теңге, жерлеуге — 10,46 млрд теңге көлемінде төлем жасалды. Сақтандыру ұйымдарына 426,89 млрд теңге аударылды.

### ЖЗШ саны

2026 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша БЖЗК-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны — 18,24 млн. Бірлік (12 айдағы өсім — 1,06 млн бірлік немесе 6,2%). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗК-дағы ЖЗШ саны 2026 жылдың 1 қаңтарына 12,72 млн бірлік болды. Оның ішінде: 11,30 млн — МЗЖ бойынша, 764,1 мыңы — МКЗЖ бойынша, 466,3 мыңы — ЕЗЖ есептелетін шоттар.

Айта кетейік, МЗЖ есебі жүргізілетін шоттардың жалпы санына (11,30 млн бірлік) елден тысқары жерлерге тұрақты тұруға кеткен, бірақ жинақтарын алу үшін жүгінбеген алушылардың, мұрагерлері зейнетақы жинақтарын мұраға рәсімдемеген қайтыс болған салымшылардың, 2017 жылдан бастап зейнетақымен мемлекеттік қамсыздандырылуға толық ауыстырылған ескері қызметшілердің және шоттарына Қазақстан заңнамасына сәйкес жарналар түспеуі тиіс салымшылардың (алушылардың) басқа да санаттарының шоттары кіреді.

Сондай-ақ, халықаралық тәжірибеге сәйкес күнтізбелік жыл ішінде кемінде бір рет болса да жарна түскен ЖЗШ белсенді болып саналатынын айта кеткен жөн. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша МЗЖ түсетін белсенді ЖЗШ-ның нақты үлесі жарналар жүзеге асырылуы мүмкін және 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін ашылған шоттарды және 2025 жылы ашылған жаңа шоттарды қамтитын 10,11 млн ЖЗШ-ның жалпы санынан 71,29% (7,21 млн шот) құрады.

БЖЗК-дағы ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны — 5,51 млн бірлік. Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат epnf.kz сайтындағы «Статистика және аналитика» бөлімінде орналастырылған.

**«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы**



## Арктика мен Антарктида

Арктика атауы грек тіліндегі «арктос» сөзінен шыққан. Бұл сөз «аю» дегенді білдіреді және аспандағы Үлкен Аю шоқжұлдызына байланысты қойылған. Арктикада нақты материк жоқ. Бұл аймақ Солтүстік Мұзды мұхиттың үстіндегі алып мұз жамылғысынан тұрады.

Арктикада орналасқан Солтүстік полюс теңіз деңгейінде орналасқан. Мұнда тұрақты құрлық болмайды, тек қалқып жүрген мұз қабаттары бар.

Арктиканың аумағына сегіз мемлекет кіреді. Олар: Канада, АҚШ, Ресей, Норвегия, Дания (Гренландия арқылы), Исландия, Швеция және Финляндия.

Арктикада қыс айларында полярлық түн орнайды. Бұл кезде күн бірнеше апта, кейде тіпті ай бойы көкжиектен көтерілмейді.

Жаз айларында Арктикада күн мүлде батпайтын кезең — полярлық күн болады. Бұл құбылыс күндізгі жарықтың бірнеше апта бойы үзілмей тұруына өкеледі.

Арктика әлемдегі ең суық аймақтардың бірі саналса да, Антарктида одан да суық. Дегенмен Арктикада желдің күші мен ылғалдылығы жоғары болғандықтан, суық қаттырақ сезіледі.

Арктикада белсенді вулкандар жоқ, бірақ теңіз түбінде геотермальдық белсенділік байқалады. Мұндай аймақтарда ерекше тіршілік формалары кездеседі. Мұз қабатының қалыңдығы бірнеше метрге дейін жетеді. Бірақ климаттық өзгерістерге байланысты соңғы онжылдықта бұл қабат айтарлықтай жұқарған.

Арктика — әлемдегі ең ірі аюлардың тіршілік ету ортасы. Теңіздегі моржтар мен итбалықтар да Арктикаға тән жануарлар. Бұл жануарлар суыққа бейімделген және мұз астында тыныс алу үшін ресурстарға байланысты геосаяси мүдделер күшейіп отыр. Мұнда мұнай мен газ қорларының мол екені анықталған. Арктика — климат өзгерісінің әсерін ең бірінші сезінетін аймақтардың бірі. Мұздың еруі теңіз деңгейінің кө-

терілуіне және экожүйелердің бұзылуына өкелеуі мүмкін. Мұз еруі салдарынан кеме қатынасы үшін жаңа жолдар ашылууда. Бұл солтүстік теңіз жолының стратегиялық маңызын арттырып отыр.

Арктикада мұқ, қына және сирек гүлді шөптер ғана өседі. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, мұнда ғылыми станциялар жұмыс істейді. Бұл станциялар климат, биология, геофизика сияқты бағыттарда зерттеулер жүргізеді. Арктикада тұман жиі болады және ол көбінесе теңіз суының салқындануынан пайда болады. Бұл жағдай кеме қатынасын қиындатады.

Арктиканың экожүйесін қорғау үшін халықаралық келісімдер мен жобалар қабылданған. Бұл аймақтың табиғи тепе-теңдігін сақтау бүкіл әлем үшін маңызды саналады. Арктиканың тағдыры — бүкіл адамзаттың ортақ жауапкершілігі. Сондықтан бұл ерекше аймақты сақтау — болашақ ұрпақ үшін аса маңызды міндеттердің бірі.

Арктика мен Антарктида жер шарының екі полюсінде жатқан суық аймақ. Біреуі оңтүстік полюсте, біреуі солтүстікте жатыр.

Арктика — Жер шарының солтүстік полярлы аймағы. Физика-географиялық аумақ. Солтүстік мұзды мұхит пен оған жапсарлас аралдарды қамтиды. Арктиканың

## «Riza bol» ұсынатын кәдесый



**Әр орамал — әйелдің ішкі әлеміне арналған үнсіз сыр. Қорабы мен сәмкесі де кәдесыйдың мазмұнын аша түседі.**



8 778 929 14 53  
8 777 276 90 74

Абай өлеңдерімен аталып, «Riza bol» сағуа белгісімен шыққан жібек орамалдар — ұлттық болмысты заманауи нәзістікпен тоғыстырған ерекше кәдесый.

**«Желсіз түнге жарық ай» — сабыр мен сенімнің, «Көзімнің қарасы» — махаббат пен мейірімнің белгісіндей.**



**Арктика — Жер шарының солтүстігінде орналасқан ерекше аймақ. Мұнда мұз басқан мұхиттар, қыс мезгілінде толассыз қараңғылық және шексіз аяз билік етеді. Бұл өңір табиғаттың қаталдығына қарамастан, өзінің биологиялық әртүрлілігімен, географиялық ерекшеліктерімен және климаттық маңызымен адамзатты таңғалдырып келеді. Арктика туралы көпшілік бермейтін сирек деректер мен қызықты мәліметтермен таныс болыңыз.**

терілуіне және экожүйелердің бұзылуына өкелеуі мүмкін. Мұз еруі салдарынан кеме қатынасы үшін жаңа жолдар ашылууда. Бұл солтүстік теңіз жолының стратегиялық маңызын арттырып отыр.

Арктикада мұқ, қына және сирек гүлді шөптер ғана өседі.

Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, мұнда ғылыми станциялар жұмыс істейді. Бұл станциялар климат, биология, геофизика сияқты бағыттарда зерттеулер жүргізеді. Арктикада тұман жиі болады және ол көбінесе теңіз суының салқындануынан пайда болады. Бұл жағдай кеме қатынасын қиындатады.

Арктиканың экожүйесін қорғау үшін халықаралық келісімдер мен жобалар қабылданған. Бұл аймақтың табиғи тепе-теңдігін сақтау бүкіл әлем үшін маңызды саналады. Арктиканың тағдыры — бүкіл адамзаттың ортақ жауапкершілігі. Сондықтан бұл ерекше аймақты сақтау — болашақ ұрпақ үшін аса маңызды міндеттердің бірі.

Арктика мен Антарктида жер шарының екі полюсінде жатқан суық аймақ. Біреуі оңтүстік полюсте, біреуі солтүстікте жатыр.

Арктика — Жер шарының солтүстік полярлы аймағы. Физика-географиялық аумақ. Солтүстік мұзды мұхит пен оған жапсарлас аралдарды қамтиды. Арктиканың

оңтүстік аумағы солтүстік полярлы шеңберімен шектесіп жатыр. Қызығы сол — екеуі екі полюсте, суық аймақта жатса да, температурасы екі түрлі. Яғни, Арктика жылылау. Мұның бірнеше себебі бар.

Біріншіден, Солтүстік мұзды мұхит Атлант мұхитымен шектесіп жатқандықтан, одан жылу алып жатыр. Гольфстрим жылы ағысы суық мұхитқа әжептәуір жылу өкеледі.

Екіншіден, Солтүстік мұзды мұхитқа құйып жатқан Еуразия мен Солтүстік Американың өзендері де жылы. Ол да Арктиканы жыл сайын жылумен қамтып отырады. Антарктидада жаз ұзағырақ әрі 7 пайыз күн сәулесінің көбірек оласа да, жылу ағыс пен жылы өзеннен құралақан.

Үшіншіден, Антарктида Арктикаға қарағанда биігірек жатыр. Антарктида құрлығының орташа биіктігі — 2000 метр. Ал Арктиканың — 900 метрдей. Сондықтан Антарктиданың қалың мұз бен тоң басуы жатыр. Мұздың орташа биіктігі — 1800 метр. Антарктиканың таулы, қырат жерлері көп. Ал Арктикадағы мұздық төңіз деңгейімен бірдей.

Екі полярлы аймақтың биіктігі әртүрлі болғандықтан, бірінде 25-28°C болса, екіншісінде 13°C.

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

**«АстанаВостокГрупп» ЖШС, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.**

Жобалық құжаттаманың атауы: Абай облысында «М-44-65-(10В-5г-1,2,6,7) блогы шегінде қатты пайдалануға арналған геологиялық барлау жұмыстарының жоспарына» ықтимал әсерлер туралы есеп. Әсер ету аумағы: Абай облысы, Семей қаласының оңтүстік-батысқа қарай 30 км жерде. Жұмыс учаскесінің ауданы 8,8 км2 құрайды. Координаттары: 1. 50°10'00" се, 80°05'00" шб; 2. 50°10'00" се, 80°07'00" шб; 3. 50°08'00"се, 80°07'00" шб; 4. 50°08'00" се, 80°05'00" шб.

Қоғамдық тыңдаулар 07.04.2026 жылы сағат 15:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Қаратөбе а.о., Қаратөбе ауылы, 2 квартал, 1 ғимараты, «Қаратөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында өтеді.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өтуі қажет: <https://us06web.zoom.us/j/84475982957?pwd=savE4xk625p9jmiDhMh51GQ2LeQz.1>

Конференция идентификаторы: 844 7598 2957, кіру коды: 525277. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша кезделіп отырған қызмет бастамасының телефондары бойынша хабарласуға болады.

Жобалық құжаттама пакетімен біріңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалану-ды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында е-природа.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар біріңғай экологиялық порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалану-ды реттеу басқармасы» ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекенжайы: [prironduye-resursy-obl.abay@mail.ru](mailto:prironduye-resursy-obl.abay@mail.ru).

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзар-тылады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: ««АстанаВостокГрупп» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 070000, Өскемен қаласы, Михаэлис көшесі, 24/1, БСН: 160540003608.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қ., 070002, М. Горький к-сі, 21, БСН: 211040029201, Тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: [toolec21@gmail.com](mailto:toolec21@gmail.com).

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: [toolec21@gmail.com](mailto:toolec21@gmail.com) және тел: +7 (777) 414-90-10.

## Қызықты деректер

\* Тарақан 1 секундта 50 рет жерге тиіп, қайта көтеріле алады  
\* Олар қараңғыда жақсы көреді, күндіз көрінсе, көптеп таралып кеткенінің белгісі

\* Тарақандардың ДНҚ-сында антибиотикке төзімділік гені бар — бұл олармен күресте қиындық туғызады

\* Тарақан — тіршілікке ең төзімді, бейімделгіш әрі күрделі жүйесі бар жәндік.

\* Тарақандар иіс пен дәм сезуге өте қабілетті — олар антенналар арқылы 1 нанограм иісті таниды

\* Олар топпен байланыса алады, бір-біріне сигнал береді

\* Қауіп төнгенде тез шешім қабылдайды, есте сақтау мен бағытты есте ұстау қабілеті бар

\* Тарақандар ыстық пен суыққа, аштық пен уға төзімді. Олар 7 күн суық, 30 күн аш жүруі мүмкін. Бассыз да бір апта өмір сүре алады — өйткені тыныс алу жүйесі денесінде орналасқан

\* Бұл жәндікке сәуле, радиация, у да онша әсер ете бермейді. Сондықтан да олар ядролық апат кезінде тірі қалады деген аңызға айналған пікір бар (және ол негізсіз емес).

**Материалдар ғаламтор беттерінен алынған**

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.



Директор -  
Риза АСАНҚЫЗЫ  
МОЛДАШЕВА

Бас редактор -  
Роза ПУШПАҚОВА

www.  
semeytany.kz

www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № КЗ49VPY00121173, 05.06.2025 ж.

Газет «АБАЙ АЙМАҚ МЕДИА» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылған шығады.

Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.

Аптасына екі рет - сәйкесінше, жұма күндері шығады.

Жарияланған мақалалардың авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.

Меншікті тілшілеріміз: Бороудихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12. Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 30 155



Кезекші редактор Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ